

Бекітілді
«Айналайын» бөбекжайы
директор Г.Б.Айкешова
«01» 09 2023ж

**«Айналайын» бөбекжайы психологінің ерекше білім беруді
қажет ететін ортаңғы топ балаларына арналған жұмыс
жоспары 2023-2024 оқу жылы**

2023-2024 ж

**Ерекше білім беруді қажет ететін ортаңғы топ балаларына арналған
жұмыстар 2023-2024 оқу жылы**

Ай аттары	Тапсырмалар	Максаты
Қыркүйек	1.«Жайқалған гүл» жаттығуы. 2.«Гүл» -саусақ гимнастикасы	Ұсақ саусақ моториканы, түстерді қабылдау және ұстап сезіну қабілетін дамыту.
II апта	1.«Автомобиль жарысы» - саусақ ойыны 2.«Сыйлық ораймыз» - ойыны	Дене құрылысын білуді, дене мүшеле рінің өз атауы бар екенін білу, ажыра туға үйрету.
III апта	1. «Саусақ атауы» - саусақ гимнастикасы 2. «Өзінді таны» - танымдық ойыны.	Пішіндермен таныстыру, бала зейінін, логикалық ойлау қабілетін дамыту.
IV апта	1. «Бәтеңке» - саусақ жаттығуы 2. «Киім жамауын дұрыс тап» - ойыны.	Ұсақ моториканы, ойлау, таным қабілетін дамыту.
Қазан I апта	1.«Көбелек» - көзге арналған жаттығуы. 2.«Жеуге жарамды және жарамсыз ас» - дидактикалық ойын.	Саусақ моторикасын және сөйлеу қызметін дамыту.
II апта	1.«Үй және жиһаз» - саусақ гимнастикасы 2.«Айырмашалақтарын тап» - жаттығуы	Бала зейінін, визуалды қабылдау қабілетін дамыту.
III апта	1.«Саусақтарымызды қыздырайық» - саусақ гимнастикасы. 2.«Қайда, не болуы керек» - ойыны.	Ұсақ саусақ моторикасын, ойлау қабілетін және сөйлеу мәнерін дамыту.
IV апта	1.«Қырағы көздер» - көзге арналған жаттығуы. 2.«Жолды жүріп өт» - жаттығуы.	Зейін және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.
Қараша I апта	1.«Отбасы» саусақ гимнастикасы 2.«Көңілді бақа» жаттығуы.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту, қабылдау, зейін қоюын қалыптастыру.
II апта	1.«Ақылды саусақтар» - саусақ гимнастикасы 2.«Не жоғалды» - ойыны.	Саусақ моторикасын және сөйлеу мәнерін дамыту.
III апта	1.«Саусақ атауы» - саусақ гимнастикасы. 2.«Жақсы мен жаман» - ойыны.	Қоршаған ортамен танысу, таным қабілеттерін дамыту.
IV апта	1.Саусақтарымызды қыздырайық» - саусақ гимнастикасы. 2.«Құмды алқап сиқыры» - құм терапиясы.	Зейінін, визуалды қабылдау қабілетін дамыту. Саусақ моторикасын дамыту.
Желтоқсан I апта	1.Сәлемдесу рәсімі 2.«Тігінші – мамандығы» - саусақ ойыны.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту, сөйлеу қабілетін дамыту.
II апта	1.«Қызғалдақ» - психогимнастикасы. 2.«Қайда, не болуы керек» - ойын.	Ойлау қабілетін, таным қабілеттерін дамыту.

III апта	1.«Жақсы мен жаман» - ойыны. 2. «Ақылды саусақтар» - саусақ гимнастикасы.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту, қоршаған ортамен таныстыру.
IV апта	1.«Саусақтарымызды қыздырайық» - саусақ гимнастикасы. 2.«Көңілді аққала» - жаттығуы.	Саусақ моторикасын және сөйлеу мәнерін дамыту, қабылдау және ұстап сезіну қабілетін дамыту.
Қаңтар I апта	1.«Шыршаны безендір». 2. Тыныс жаттығуы.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту, қоршаған ортамен таныстыру.
II апта	1.«Дауысынан танымын» - ойыны. 2. «Гүлдердің көлеңкесін тап» - жаттығуы	Таным, ойлау қабілеттерін дамыту, саусақ моторикасын дамыту.
III апта	1. «Сәлемдесу» рәсімі 2.«Құмды алқап сиқыры» - құм терапиясы.	Зейінін, визуалды қабылдау қабілетін дамыту. Саусақ моторикасын дамыту
IV апта	1.«Бауырсақ ертегісі» - сюжеттік ойын. 2.«Айырмашалақтарын тап» - жаттығуы.	Таным, ойлау қабілетін дамыту, саусақ моториканы дамыту.
Ақпан I апта	1.Көру жанарына түсетін қысымды басуға арналған жаттығу. 2.«Балықтар – бөліктер бойынша сурет салу» - арт – терапиясы.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту, қоршаған ортамен таныстыру. Көз жанарына түсетін қысымды жеңілдету.
II апта	1 «Сәлемдесу рәсімі 2.«Мамандық түрлері» - дидактикалық ойыны.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту есте сақтау,ойлау қабілетін дамыту.
III апта	1.Сәлемдесу рәсімі 2.«Тігінші – мамандығы» - саусақ ойыны.	Есте сақтау,ойлау қабілетін дамыту, саусақ моторикасын жетілдіру.
IV апта	1.Жол» - саусақ гимнастикасы. 2.Төртінші – артық» - ойыны.	Таным, ойлау қабілетін дамыту, саусақ моториканы дамыту.
Наурыз I апта	1.«Көктем келді» - саусақ жаттығуы. 2.«Нағыз дос» - ойыны.	Ойлау қабілетін, таным қабілеттерін дамыту.
II апта	1.Күн сәулесі, шұғылалы нұр сәулесі 2.«Гүлдердің көлеңкесін тап» - жаттығуы.	Есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту, саусақ моторикасын дамыту.
III апта	1.Сәлемдесу рәсімі 2 «Көңілді зообақ» жаттығуы	Қоршаған ортамен танысу, таным қабілеттерін дамыту.
IV апта	1.«Түн. Қараңғы түн» - көзге арналған жаттығуы. 2. «Көктем мезгілі» - дидактикалық ойыны.	Зейінін, визуалды қабылдау қабілетін дамыту. Саусақ моторикасын дамыту
Сәуір I апта	1. «Көбелек» - көзге арналған жаттығуы 2. «Күн шуағы – бөліктер бойынша сурет салу» - арт – терапиясы.	Таным, ойлау қабілетін дамыту, саусақ моториканы дамыту.

II апта	1.«Мейірімді сөздерден құралған гүл шоғы» - ойыны. 2.«Бәтеңке» - саусақ жаттығуы.	Ойлау, зейін қою қабілеттерін дамыту, саусақ моторикасын дамыту.
III апта	1.«Ақылды саусақтар» - саусақ гимнастикасы 2.«Жұптарын тап» - ойыны.	Саусақ моторикасын дамыту, бала зейінін және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.
IV апта	1.«Менің отбасым» - саусақ гимнастикалық жаттығуы. 2.«Мейірімге толы сөздер» - ойыны.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.
Мамыр I апта	1.«Алқаптағы гүл» - саусақ гимнастикасы. 2.Суретті қара да, есте сақта» - ойыны.	Есте сақтау,ойлау қабілетін дамыту, түс және пішіндер туралы түсінігін молайту.
II апта	1.«Көктем гүлдер» жаттығуы. 2. «Көжек» - сергіту жаттығуы.	Қол қимылы және баланың қозғалыс белсенділігін үйлестіру.
III апта	1.«Балықты тап» әдістемесі - түйме терапиясы 2.«Баян және барабан» - саусақ ойыны.	Зейінін, визуалды қабылдау қабілетін дамыту. Саусақ моторикасын дамыту
IV апта	1. «Сәбіз тураймы». 2.Ойын «Не жоғалды?»	Ойлау қабілетін, таным қабілеттерін дамыту, саусақ моторикасын дамыту.


**Ерекше білім беруді қажет ететін ортаңғы топ балаларына
арналған жұмыстар 2023-2024 оқу жылы**

Ай Аттары	Тапсырмалар	Баалалардың әрекеті	Көрнекі құралдар
Қыркүйек I апта	1.«Жайқалған гүл» - жаттығуы Мақсаты: моториканы, түстерді қабылдау және ұстап сезіну қабілетін дамыту. Нұсқаулық: Психолог: «Балалар бүгін біз алдымызда тұрған гүлдің жайқалып, құлпыра өсуіне көмектесеміз. Ол үшін жұмсақ қағаз (майлық) мамық ұлпалар дайындап, суреттегі гүлдің үстінен жапсырып шығамыз. Жарайсыңдар! Жақсы жұмыс! Гүліміз жайнап, үлпілдеп шыға келді! 2.«Гүл» - саусақ гимнастикасы Мақсаты: ұсақ моторика және сөйлеу қызметін дамыту. Ерте таңның атысы – жабық тұрар қауызы (Екі алақанды түйе жабық гүл қауызын бейнелейміз) Күн ортасына ауғанда – жайқалады тамаша. (саусақтарымызбен жайқала ашылған гүл бейнесін жасаймыз) Кеш батысы қайтадан – қауызы қайта жабылған, (саусақтарымыз бастапқы қалыпқа қайта оралады) Күн шыққанша ендігі – тәтті түстер көреді... (екі алақанымызды беттестіре, оң бетімізге қойып, ұйқтап жатқан бейнені жасаймыз)	Майлық қағаздарын майда бөлшектерге жыртып, орап, оларды гүл бетіне жапсырып шығады. Психологпен бірге көрсетілген кимыл – әрекеттерді қайталайды.	Бланк, желім түрлі түсті майлықтар
II апта	«Автомобиль жарысы» - саусақ ойыны (әр саусақтарымен кезектесе машина ойыншығын жүргізе ойнайды) Бір, екі, үш, төрт, бес, Жарыстыра қане тез. (саусақтарымызды бүге санаймыз) Машиналар қозғалды, Алға - артқа жол салды... (басбармақтан бастай қозғалтамыз) Гаражға кіріп кешкісін, Басты әрең екпінін. (барлық саусақтарымызбен ойнап болғасын бірден домалақ пішін жасаймыз) Моторы да өшіпті, Фарларыда сөніпті. (сол қараңғы домалақ пішін ішіне кішкене тесігінен үңіле қараймыз) 2.«Сыйлық ораймыз» - ойыны Психолог балаларға: -Тимур достарына қонаққа баруға жиналып жатыр және ол барлық достарына түрлі-түсті машина ойыншықтарын сыйламақ. Қане біз	Саусақ жаттығуын жасайды Машина ойыншықтарын салуға арналған қораптарды бант түсіне қарай таңдайды.	Кішкентай машина, ойыншықтар Суреті бар дидактикалық карточка

	сол ойыншықтарды сыйлыққа орауға көмектесейік. Қай машинаны, қай қорапқа саламыз?		
III апта	1. «Саусақ атауы» - саусақ гимнастикасы Оң қолымда бес саусақ, <i>(саусақтарын аша, оң қолын көрсетеді)</i> Сол қолымда бес саусақ. <i>(саусақтарын аша, сол қолын көрсетеді)</i> Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, <i>(бас бармақтан сол қолымен ұстай)</i> Балаң үйрек, <i>(сұқ саусақтан сол қолымен ұстай)</i> Орған терек, <i>(ортаңғы саусақтан сол қолымен ұстай)</i> Шылдыр шүмек, <i>(аты жоқ саусақтан сол қолымен ұстай)</i> Кішкене бөбек. <i>(шынашақтан сол қолымен ұстай)</i> 2. «Өзіңді таны» - танымдық ойыны. Мақсаты: дене құрылысын білуді, дене мүшелерінің өз атауы бар екенін білу, айтып ажыратуға үйрету Психолог: - Балалар суретке қарап, Арман мен Аружан көрсетіп тұрған дене құрылыстарын атап шығайық!	Саусақ гимнастикасын орындайды. Дене құрылыстарын атап шығып, өздерінің үстінен көрсетеді	Суреті бар дидактикал ық карточка
IV апта	«Бәтеңке» - саусақ жаттығуы Бәтеңкемді киіп ап, жүгіремін далада <i>(сұқ саусақ және ортаңғы саусақпен үстел үстінде «адымдап» жүреміз)</i> Баспалдақпен абайлап, шықтық міне далаға <i>(кезек – кезек бүге баспалдақтан түскен қимылды бейнелейміз)</i> Көше бойын жағалап, қыдырамыз шаршамай <i>(он саусақты жыбырлата, үстел үстінен соғамыз)</i> Демаламыз кешкісін, тәтті ұйқыға батып-ай! <i>(Алақанымызды беттестіре жауып, тыныш үстел үстіне қоямыз)</i> 2. «Киім жамауын дұрыс тап» - ойыны. Мақсаты: геометриялық фигуралармен таныстыра отырып, бала зейінін, визуалды қабылдау, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Психолог: - Балалар, тігінші Тышқан апатай, балаларының киімдерін жамап жатыр екен. Қане, біз түсі мен пішіндеріне қарай отырып, дұрыс жамаулар таңдауға көмектесейік! Жарайсыңдар! Психолог: - Марғау үйдегі аяқ киімдермен ойнап, барлығын араластырып тастапты. Қане, реттеуге тез көмектесейік	Қайталай отырып, саусақ жаттығуын жасайды Нақты қажетті жамау түрлерін таңдап, түсі мен формасын атайды. Аяқ киім жұптарын табады	Киім жамауын дұрыс тап және жұпта рын тап дидактика лық карточ калары
Қазан	1. «Көбелек» - көзге арналған жаттығуы.	Көз жаттығуын	

	(Көздерімізді жұмамыз, ақырын саусақтарымызбен, сағат тіліне қарай қаршығымызды басып уқалайыз) Оянып кетіп кенеттен... (Көздерімізді ашып – жұмамыз) Қайта ұйқы келмеді, Қолын сермеп, керілді (Қолдарымызды соза керілеміз) Жан – жағына қарайлап, Қанат қақты көкке енді. (басымызды қозғалтпай көз қарашығымен қарайлап, қолдарымызды сермейміз) 2.«Жеуге жарамды және жарамсыз ас» - дидактикалық ойын. Ойын шарты: балабақшаға кәрзеңкесі толы қуыршақ қонаққа келеді. Балаларға көптеген тәттілер алып келгенін айтады, әркімге өздеріне бір – бір тәттіден таңдап алуларын ұсынады. Бала кәрзеңкеге қолын салып, бір суретті алып шығады, басқа балаларға көрсетіп, атауын айтады (алма). Психолог: «Жеуге жарамды ма?» - деп сұрайды. Егер жарамды жеміс болса – тәрелкеге салады, ал жарамсыз болса қайта кәрзеңкеге салады.		Жеуге жарамды және жарамсыз өнімдерді анықтайды	Қуыршақ, кәрзеңке, тәрелке, әр түрлі заттар және жеміс тер мен көкөністер суреті бар карточкала р
II апта	1. «Үй және жиһаз» - саусақ гимнастикасы Мақсаты: саусақ моторикасын және сөйлеу қызметін дамыту. Бір, екі, үш, төрт...біздің үйде жиһаз көп. (саусақтарымызды бүге санаймыз) Шкафқа біз – киімдерді ілеміз, ыдыстарды - сөрелерге тіземіз. (ілгіш секілді саусақтарымызды иеміз) Аяқтарымыз демалсын деп кішкене, отырамыз орындықтың үстінде. (ашық тұрған алақанға түйілген жұдырықты тақап, орындық бейнесін жасаймыз) Ұйқтағанда түнде біз.... кереуетте жатамыз. (екі алақанды біріктіре, бір бетімізге қоямыз) Үстел үстінде таңертең, шәй ішеміз тосаппен. (саусақтарымызбен шынаяқтан ұстағандай имитация жасаймыз) Үйімізге сән берген, жиһазымыз көп неткен. (Шапалақ соғып, жұдырықтарымызбен үстел үстінен соғамыз) 2.«Айырмашалақтарын тап» - жаттығуы. Мақсаты: бала зейінін, визуалды қабылдау қабілетін дамыту. Суретке қарап, айырмашылығы бар заттарды көрсету керек		Көрсеткен қимылдарды қайталай отырып, саусақ жаттығуларын орындайды. Суретке қарай отырып, айырмашылықтарын табады	Бланк суреттері
III апта	1.«Саусақтарымызды қыздырайық» - саусақ гимнастикасы. Мақсаты: саусақ моторикасын және сөйлеу мәнерін дамыту. Тонса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз.			


	(қолымызға қолғап кигендей сипалаймыз) Сарт - сарт - сарт, Шапалақты соғамыз. (шапалақ соғамыз) Саусақтарым жылынсын тез, Ысқылайын қаттырақ. (алақандарымызды бір-біріне ысқылаймыз) Ашып – жұмып жұдырықты, қыздырайын жақсылап. (бірнеше рет саусақтарымызды жұдырыққа түйеміз, қайта ашамыз) 2.«Қайда, не болуы керек» - ойыны. Нұсқаулық: балаларға суреттер көрсетіледі. Олар суретте көрсетілген заттар қайда орналасқанын айтып шығулары керек. Нұсқаулық: балаларға суреттер көрсетіледі. Олар суретте көрсетілген заттар қайда орналасқанын айтып шығулары керек		Суреттерге қарап, бейнеленген заттардың қайда орналасқандарын табады.	Тақырыптық суреттер
IV апта	1.«Қырағы көздер» - көзге арналған жаттығуы Көзім жақсы көрсін деп, көз жаттығуын бастаймын: Көз айналдыру. Бастарыңды қозғалтпастан көздеріңді алдымен сағат тілімен, сонан соң кері бағытта он реттен айналдырыңдар. Енді осы жаттығуды жұмулы көздеріңмен қайталап шығыңдар. Төрт бағытқа қарау. Бастарыңды бұрмастан көздеріңді жоғары-төмен, оңға-солға қозғалтыңдар. Жыпылықтату. Көздеріңді қатты әрі тез-тез ашып-жұмыңдар. Бұл жаттығуды тез және көбірек істеген пайдалы. 2.«Жолды жүріп өт» - жаттығуы. Мақсаты: зейін және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: бала өздігімен жолдарды тандап, саусақ көмегімен, көзімен жүріп шығуы қажет.		Көз жаттығуларын жасайды Саусақтарымен одан соң көзімен жолдарды жүріп өтеді.	Бланк суреттері
	3. Қасқыр: Мен қасқырмын қасқырмын Тың тыңдаймын айнала Көз жүгіртіп алысқа Азығымды жинаймын Түлкі: Түлкі деген қу ғой Жүрген жері ду ғой Отырып алып жағады Көздегені су ғой	Аю: Қорбандаған аюдың Құлпынайы көп екен Теріп теріп алайық Аузымызға салайық Қоян Ұзын құлақ сұр қоян Естіпқалып сыбырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді.	Тақпақты айта отырып, аңдардың бейнесін көрсете қозғалады Психологпен бірге саусақ ойыншқтарының көмегімен ертегіні ойнап шығады.	
Қараша I апта	1.«Отбасы» саусақ гимнастикасы Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем ғой!		Кезек ретімен саусақтарын көрсетіп, екі қолда бірдей	

	Мына саусақ-атам ғой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым. 2.«Көңілді бақа» жаттығуы Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту. Нұсқаулық: Балалар бізге көл бақасы қонаққа келіпті... Қане бізде оның көңілін көтерейік! Ол үшін түрлі – түсті қағаздан (жұмсақ майлық) бөліктер жұлып алып, көңілді бақа үстіне керемет киім үлгісін желімдеп шығу керек.		бүгеді. Балалар түрлі-түсті жұмсақ қағаздан, бөліктер жұлып алып, бақа үлгісіне жапсырып шығады.	Бланк, жұмсақ майлық, қалам және желім
II апта	1.«Ақылды саусақтар» - саусақ гимнастикасы Саусақтарым ақылды, <i>(саусақтарын көрсете жыбырлатады)</i> Жаттығулар жасайды. <i>(екі қол саусақтарын айқастыра тез – тез бұратамыз)</i> Ширатамын ашып – жұмып, Жан – жағына қарайды! Жаттығуды жасаған, Саусақтарым жарайды! 2.«Не жоғалды» - ойыны. Мақсаты: визуалды қабылдауды дамыту. Нұсқаулық: Психолог балаларға: Суреттегі ойыншықтарды қарап шығып, жетіспейтін бөлшегін атап, салып шығады.		Тақпақты айта отырып, саусақ гимнастикасын жасайды. Суреттегі жетіспейтін бөлшектерді көрсетіп, оларды салып шығады	түрлі-түсті қарандаш тар, суретті бланкі
III апта	1.«Саусақ атауы» - саусақ гимнастикасы Оң қолымда бес саусақ, <i>(саусақтарын аша, оң қолын көрсетеді)</i> Сол қолымда бес саусақ. <i>(саусақтарын аша, сол қолын көрсетеді)</i> Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, <i>(бас бармақтан сол қолымен ұстай)</i> Балаң үйрек, <i>(сұқ саусақтан сол қолымен ұстай)</i> Орған терек, <i>(ортаңғы саусақтан сол қолымен ұстай)</i> Шылдыр шүмек, <i>(аты жоқ саусақтан сол қолымен ұстай)</i> Кішкене бөбек. <i>(шынашақтан сол қолымен ұстай)</i> 2.«Жақсы мен жаман» - ойыны. Мақсаты: қоршаған ортамен танысу. Нұсқаулық: Балалар, суретке мұқият қарап шығып, Арманға көмектесейік. Қай суретте балалар дұрыс, ал қай суретте бұрыс әрекет жасап жатқанын Арманға түсіндіріңдер. Нені жасауға рұқсат, ал не жасауға болмайды? – деген сұрақтарға жауап беріңдер.		Саусақ гимнастикасын орындайды. Балалар өз қылықтарына баға беріп үйрену керек: қай кезде жақсы және қашан жағымсыз қылық көрсетті, нені істеуге болмайды	Сюжеттік суреттер бейнеленген бланктер (бала қылықтары)

IV апта	1.Саусақтарымызды қыздырайық» - саусақ гимнастикасы. Мақсаты: саусақ моторикасын және сөйлеу мәнерін дамыту. Тонса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. <i>(қолымызға қолғап кигендей сипалаймыз)</i> Сарт - сарт - сарт, Шапалақты соғамыз. <i>(шапалақ соғамыз)</i> Саусақтарым жылынсын тез, Ысқылайын қаттырақ. <i>(алақандарымызды бір-біріне ысқылаймыз)</i> Ашып – жұмып жұдырықты, қыздырайын жақсылап. <i>(бірнеше рет саусақтарымызды жұдырыққа түйеміз, қайта ашамыз)</i> 2.«Құмды алқап сиқыры» - құм терапиясы. Жұмыс алгоритмі: әр балаға қағаз және құм беріледі және келесі іс – әрекеттерді жасап шығу тапсырылады: - Қолдарымызды құмға тигізіп, араластырамыз. Жағымды байланыс қалпын анықтаймыз; - Максималды түрде құм тауын жасап шық; - Құм көмегімен жаңбыр имитациясын жаса. Үрлеп көр; - Шынашақ саусақ қалыңдығындай бәліш жасап көр; - Өз саусақ таңбалары көмегімен құм бетінде аң бейнелерін немесе іздерн салып шық; - Екі қолмен бірдей, бір уақытта түрлі пішіндерді бейнелеп шық (домалақ, үшбұрыш, төртбұрыш); - Кезектестіре барлық саусақтар көмегімен сурет салып шық;	Саусақ гимнастикасын жасаймды Нұсқаулық бойынша құм терапиясының жаттығуларын жасайды.	1 стакан құм және А4 қағаз(әр балаға)
Желтоқсан I апта	1.Сәлемдесу рәсімі Арайлап бүгін атты күн, Шашып бізге шапағын. Тілейміз сізге ақ таңның, Қуанышын, шаттығын Қайырлы күн,Қайырлы таң! Қуанышты күн бүгін! 2.«Тігінші – мамандығы» - саусақ ойыны. Менің анам – тігінші, <i>(оң қол бас бармағын кезекпен барлық саусақтарға жанастырамыз)</i> Сәнді киім тігеді. <i>(сол қолмен қайталаймыз)</i> Қуыршаққа сан түрлі, <i>(оң қолмен қайталаймыз)</i> Киім пішіп береді. <i>(сол қолмен қайталаймыз)</i>	Тақпақты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады. Психолог көрсетуі бойынша саусақ жаттығуын жасайды.	
II апта	1.«Қызғалдақ» - психогимнастикасы. Нұсқаулық: Балаларға өздерін майда дән ретінде сезінулері ұсынылады. Дән ақырындап өсе бастайды (балалар қимылымен көрсетеді), бірте – бірте қызғалдақ гүлге айналады, жел тұрғанда, желмен бірге оңға – солға қисаяды. Т.с.с. іс – әрекеттерді ұсынуға болады. 2.«Қайда, не болуы керек» - ойыны.	Психогимнастика орындайды.	

	Нұсқаулық: балаларға суреттер көрсетіледі. Олар суретте көрсетілген заттар қайда орналасқанын айтып шығулары керек. 	қарап, бейнеленген заттардың қайда орналасқандарын табады.	тық суреттер
III апта	1.«Жақсы мен жаман» - ойыны. Мақсаты: қоршаған ортамен танысу. Нұсқаулық: - Балалар, суретке мұқият қарап шығып, Арманға көмектесейік. Қай суретте балалар дұрыс, ал қай суретте бұрыс әрекет жасап жатқанын Арманға түсіндіріңдер. Нені жасауға рұқсат, ал не жасауға болмайды? – деген сұрақтарға жауап беріңдер.  2. «Ақылды саусақтар» - саусақ гимнастикасы Саусақтарым ақылды, (саусақтарын көрсете жыбырлатады) Жаттығулар жасайды. (екі қол саусақтарын айқастыра тез – тез бұратамыз) Ширатамын ашып – жұмып, Жан – жағына қарайды! Жаттығуды жасаған, Саусақтарым жарайды.	Балалар өз қылықтарына баға беріп үйрену керек: қай кезде жақсы және қашан жағымсыз қылық көрсетті, нені істеуге болмайды. Саусақ жаттығуын өлең сөздерімен бірге орындайды.	Сюжеттік суреттер бейнеленген бланктер (бала қылықтары)
IV апта	1.«Саусақтарымызды қыздырайық» - саусақ гимнастикасы. Мақсаты: саусақ моторикасын және сөйлеу мәнерін дамыту. Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. (қолымызға қолғап кигендей сипалаймыз) Сарт - сарт - сарт, Шапалақты соғамыз. (шапалақ соғамыз) Саусақтарым жылынсын тез, Ысқылайын қаттырақ. (алақандарымызды бір-біріне ысқылаймыз) Ашып – жұмып жұдырықты, қыздырайын жақсылап. (бірнеше рет саусақтарымызды жұдырыққа түйеміз) 2.«Көңілді аққала» - жаттығуы Мақсаты: саусақ моторикасын дамыту. Нұсқаулық: суретті үзік сызықтар үстінен басып шығу арқылы салып шық және шырша мен сәбізді қажетті түстерге боя. Қар жауғанда топ бала, Соқтық келіп аққала. Мұрны сәбіз, үп - үшкір, Көзі көмір қап - қара. 	Өлең сөздерін айту, жаттығуды орындау Суретті үзік сызықтары үстінен басып шығу арқылы салады және шыршаны жасыл түске бояйды.	Бланк, түрлі-түсті қаламдар.

Қаңтар I апта	1.«Шыршаны безендір». Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту, қоршаған ортамен таныстыру. Нұсқаулық: шыршада ілінген барлық қоңыраулар мен шарларды санап шығу керек. Бір шар және бір қоңырауды бояп шығып, төмендегі сұрақтарға жауап беру қажет: 1.Жаңа жыл – қандай мейрам? 2.Шыршаны немен безендіреді? 2. Тыныс жаттығуы. Балалар, қарандаршы хайуанаттар әлемі – қандай әдемі! Ауасы қандай тамаша, терең тыныстап көріңдер! (Балалар көздерін жұма кеі кеудемен дем алады, дышығарады). Қарандаршы, бақбақ неткен көп еді. Алып оларды үрлеп көрейік! (балалар бақбақ үрлейді). Сұрақтарға жауап береді, суретте берілген шар мен қоңырауларды бояп шығады.	Жаңа жылдық шыршаны безендіру Дұрыс тыныс алуға дағдыландыру	Бланк, түрлі – түсті қаламдар.
II апта	1.«Дауысынан танымын...» - ойыны. Балалар шеңбер жасай тұрады, психолог ортасында жүргізуші болады. Жүргізушінің көзі таңылады. Әуен ырғағымен, жүргізушінің көрсеткен қимылдарды қайталай (би немесе гимнастикалық) барлық бала қозғалады. Бір кезде барлығы тоқтап, хормен: «Қане жылдам айтыңыз, Дауыстаған қайсымыз?» -деп айтады. Жылдам топ ішінен бір бала: «Айтыңызшы, мен кімін?» - дейді. Жүргізуші баланың есімін айту керек. Егер дұрыс тапса, сол баланың көзін жұмып, ойын әрмен қарай жалғасады, ал егер, қателессе – ойын қайталанады. Балалар жодастарының дауысын оңай ажырата бастаған кезде, ойынды қиындату үшін – балаларға дауыстарын өзгерте сөйлеу ұсынылады. 2.Тыныс жаттығуы. Балалар, қарандаршы хайуанаттар әлемі – қандай әдемі! Ауасы қандай тамаша, терең тыныстап көріңдер! (Балалар көздерін жұма кеі кеудемен дем алады, дем шығарады). Қарандаршы, бақбақ неткен көп еді. Алып оларды үрлеп көрейік! (балалар бақбақ үрлейді).	Дұрыс тыныс ала білу	Орамал, әуен
III апта	1." Сәлемдесу" рәсімі Достар , бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер! Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді. 2.«Құмды алқап сиқыры» - құм терапиясы.	Өлең сөздерін қайталау Құмға сурет салу	Құм,

	Жұмыс алгоритмі: әр балаға қағаз және құм беріледі және келесі іс – әрекеттерді жасап шығу тапсырылады: Қолдарымызды құмға тигізіп, араластырамыз. Жағымды байланыс қалпын анықтаймыз;		ойыншықтар
IV апта	1.«Бауырсақ ертегісі» - сюжеттік ойын. («Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлері бейнеленген саусақ ойыншықтары) Психолог балалармен бірге, саусақ кейіпкерлерінің көмегімен ертегіні ойнап шығады. 2.«Айырмашалықтарын тап» - жаттығуы. Мақсаты: бала зейінін, визуалды қабылдау қабілетін дамыту. Суретке қарап, айырмашылығы бар заттарды көрсету керек	Бірге әңгімелеу, сахналау	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері
Ақпан I апта	1.Көру жанарына түсетін қысымды басуға арналған жаттығу («Аветисов белгісі») Балалар терезе алдына тұрып, өте алысқа қарайды. Содан кейін бірден терезе бетіндегі нүктеге зейінін аударады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Жаттығу біткеннен соң – екі көзімізді алақанмен жабамыз (қараңғы үйшікке жасырамыз). 2.«Балықтар – бөліктер бойынша сурет салу» - арт – терапиясы. Жұмыс алгоритмі: әр балаға нұсқаулықта көрсетілгендей балық суреті мен түрлі – түсті қағаздар беріледі. Психолог – балаларға балықтар туралы әңгімелеп береді. Содан соң балаларға түрлі – түсті қағаздардан кішкене бөлшектер қырқып алып, балық үстіне жапсыра – қабыршақтар жасау тапсырмасы ұсынылады.	 Дайын суретке түрлі түсті қағазды уақтап жыртып жапсырады.	Дайын үлгідегі суреттер, қағаздар, желім
II апта	1.Сәлемдесу рәсімі Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! 2.«Мамандық түрлері» - дидактикалық ойыны. Психолог: - Балалар, бүгін біз дәрігер және аспаз мамандықтарымен танысамыз. Ол үшін екі командаға бөлінеміз: бір команда ойыншылары – дәрігерлер болады, ал екінші команда ойыншылары – аспаз болады. Қазір мен сендерге әр түрлі карточкалар көрсетемін, егер, карточкадағы суреттер сендердің мамандықтарына сәйкес келетін болса, қолдарымызды көтеруіміз қажет.	Мамандықтарына сәйкес келетін карточкаларды табады	
III апта	1.Сәлемдесу рәсімі Көңілденіп күленіп, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын,	Өлең сөздерін қайталау	

	Мен ақылды баламын. 2.«Тігінші – мамандығы» - саусақ ойыны. Менің анам – тігінші, (оң қол бас бармағын кезекпен барлық саусақтарға жанастырамыз) Сәнді киім тігеді. (сол қолмен қайталаймыз) Қуыршаққа сан түрлі, (оң қолмен қайталаймыз) Киім пішіп береді. (сол қолмен қайталаймыз)		
IV апта	1.Жол» - саусақ гимнастикасы. Жүк салғыш машина (машинаны ұстағандай столды сипалайды) Тарт алға асыға (алақандарын соғады) Сенімен тасимын (машина рөлін ұстағандай қимыл жасайды) Көмір мен тасымды. (тасты қысып ұстағандай кезекпен жудырықтарын қысады) Құр босқа тұрмаймын Тек алға зулаймын. (саусақтарымен заулаған машина қозғалысын көрсетеді) 2.Төртінші – артық» - ойыны. Психолог балаларға суреттерді көрсетеді, балалар ішінен артық суретті атап, алып тастаулары керек: - Жүк машинасы, үй, жедел жәрдем көлігі, өрт сөндіру көлігі; - Жеңіл машина, жүк машинасы, автобус, бесік арба; - Қызыл, көк, сары, жасыл; (бағдаршам түстері). Балалар назарын-бағдаршамға аударамыз. Артық түс-көк. Дұрыс! Бағдаршамның түстері: -Қызыл түс-қимылдама, баспа алға, Қиылыста қарап тұрма аспанға. - Сары түс-сәл сабыр ет, дайындал, -Жасыл түс, жүре бергін, жасқанба!	Психолог корсетуі бойынша саусақ жаттығуын жасайды Көрсетілген суреттер топтамасынан артық суреттерді табады	
Наурыз I апта	1.«Көктем келді» - саусақ жаттығуы. Бүршік шашып, жапырақ ашып, (Жудырықтарымызды бірнеше рет ашып – жабамыз) Даланы гүлдер басады. (Қолдарымыз алға, саусақтарымызбен ашылған гүл шоғын бейнелей) Сұлу көктем есігін ашып, (қолдарымыз кеуде тұстан құшақ жая) Шуағын бізге шашады. (қолымызды кең айналдыра, сәуле шашқандай саусақтарымызды жыбырлатамыз) 2.«Нағыз дос» - ойыны. Ойын барасы. Психолог ойыншылардан сұрайды: «Балалардың нағыз досы кім екен?». Әр бала өз жауаптарын береді. Олардың кім болып келетінін	Психолог көрсеткен жаттығуларды қайталайды Топтағы нағыз досы туралы ортаға шығып,	

	(құрдасы, ағасы немесе әпкесі, иті, мысығы және т.с.с.). Содан соң, жүргізуші балалардан ойыншылар арасындағы достарын көрсетулерін сұрайды. Балалар, неліктен дос санайтындарын ортаға шығып айтып берулері керек. Бірінші ортаға бір бала шығады, психолог қолына арнайы достық лүпілін (жұмсақ жүрек ойыншық) ұстатады. Бала: «Арман – менің нағыз досым, себебі:» - деп, досының қасиеттерін айтып шығып жүректі ұстатады. Қолына жүректі алған бала сөзді жалғайды. Ойын ортаға барлық балалар шығып біткенше жалғаса береді.	айтып береді.	
II апта	1. «Күн сәулесі, шұғылалы нұр сәулесі» жаттығуы. Күнде бізбен шуақ жая күлімдеші... <i>(көзімізді 10 секунд жұмып тұрамыз)</i> Домалақ күннен тарайсың, тереземнен күле қарайсың <i>(басымызды қозғалтпай көзімізді шеңбер бойы айналдырамыз)</i> Оңға – солға, оңға – солға жүгірем <i>(көзіміздің қарашығын оңға- солға жылжытамыз)</i> Ұстатпайсың сен мүлдем! <i>(көзімізді тез жыпылықтататмыз)</i> Көз жаттығуы кезінде күн сәулесін жасау үшін – айна немесе лазерлі нұсқағышты қолдануға болады. 2.«Гүлдердің көлеңкесін тап» - жаттығуы. Психолог: «- Балалар, көк шалғын дағы көп гүлдерге қараңдаршы. Ал, енді осы гүлдердің көлеңкелерін кім таба алады. Қане, барлығымыз жабылып, тез тауып шығайық». Ұнатқан гүлдерін бояп шығуға ұсыныс жасауға болады.	Психологпен бірге қайта лау, жаттығуды орындау Визуалды карап, гүл көлеңкелерін тауып шығады, ұнатқан гүлдерін түрлі-түсті қаламдар көмегімен бояп шығады.	
III апта	1.Сәлемдесу рәсімі Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүймейміз, Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан. 2 «Көңілді зообак» жаттығуы Суретте бейнеленген пілдің баласына тамақ бер және олар туралы әңгімеле	Өлең сөздерін кайталау Суреттегі пілдің баласына беруге болатын тағам түрлерін табады Суретті бояп шығады.	
IV апта	1.«Түн. Қараңғы түн» - көзге арналған жаттығуы. Түн! Қараңғы түн! Қараңғылыққа көзімді үйретейін: Үйренсіндеп көзім, ашып – жұмам өзін... Жұмып алып көзімді, беске дейін санаймын. Бірден ашып көзімді, айналаға қараймын.	Психологпен бірге қимылды жасау.	

	Үйренсін деп тезірек, қайталаймын көбірек... (бес секундтан көзді 3 – 4 реттен ашып – жұмып жаттықтырамыз) 2. «Көктем мезгілі» - дидактикалық ойыны. Психолог балаларға көктем мезгілі бейнеленген суретті көрсетеді. – Балалар, суреттен қай жыл мезгілін көріп отырсындар? Дұрыс – көктем мезгілі. Ал енді сендермен ойын ойнайық. Егер мен «бұлақ» деген сөз айтсам, сендер қозғала аласындар. Ал, егер «тас» немесе «тау» десем, қозғалмай тұруларың керек, «шөп» немесе «ағаш» сөздерін естігенде – қозғалуға болады, тек бір орында. Келістік пе? Егер кімде – кім дұрыс орындамаса, сол ойыннан шығады.	Ойын шартын орындау	Көктем мезгілі туралы суреттер
Сәуір I апта	1. «Көбелек» - көзге арналған жаттығуы. Ұйықтап жатты гүл – көктем, (Көздерімізді жұмамыз, ақырын саусақтарымызбен, сағат тіліне қарай қаршығамызды басып уқалайыз) Оянып кетті бірақ кенеттен... (Көздерімізді ашып – жұмамыз) Қайта ұйқы келмеді, Қолын сермеп, керілді (Қолдарымызды соза керілеміз) Жан – жағына қарайлап, Қанат қақты көкке енді. (басымызды қозғалтпай көз қарашығымен қарайлап, денемізді сілкілейміз) 2. "Күн шуағы – бөліктер бойынша сурет салу» - арт – терапиясы. Жұмыс алгоритмі: әр балаға нұсқаулықта көрсетілгендей күн суреті мен түрлі – түсті қағаздар беріледі. Психолог – балалармен күн шары туралы, пішіні, түсі туралы және т.с.с. тақырыпта әңгімелеседі. Сикырлы күн бейнесін құрастырып, бір-біріне сыйлау ұсынылады. Балалар түрлі-түсті қағаздардан кішкене бөліктер қиып алып, күн бейнесіне жапсырып шығады	Көз қимылына арналған жаттығуды бірге қайталайды Күн бейнесін құрастыру	Күннің суреті, түрлі түсті қағаздар
II апта	1.«Мейірімді сөздерден құралған гүл шоғы» - ойыны. Үстел үстінде гүлдер жатыр. Балалар бір – бір гүлден алып, мейірімді сөз айтып, вазаға салып шығулары керек. Ойын гүлдер біркенше жалғасады. Мысалы: рахмет, қайырлы таң, кешірім сұраймын, қайырлы түн, сәлеметсіз бе және т.с.с. 2.«Бәтеңке» - саусақ жаттығуы Бәтеңкемді киіп ап, жүгіремін далада (сұқ саусақ және ортаңғы саусақпен үстел үстінде «адымдап» жүреміз) Баспалдақпен абайлап, шықтық міне далаға (кезек – кезек бүге баспалдақтап түскен қимылды бейнелейміз) Көше бойын жағалап, қыдырамыз шаршамай	Жылы сөздер айтуға үйрену Саусақ жаттығуларын орындайды	әртүрлі гүлдер, ваза




	(он саусақты жыбырлата, үстел үстінен соғамыз) Демаламыз кешкісін, тәтті ұйқыға батып-ай! (Алақанымызды беттестіре жауып, тыныш үстел үстіне қоямыз)		
III апта	1.«Ақылды саусақтар» - саусақ гимнастикасы Саусақтарым ақылды, (саусақтарын көрсете жыбырлатады) Жаттығулар жасайды. (екі қол саусақтарын айқастыра тез – тез бұратамыз) Ширатамын ашып – жұмып, Жан – жағына қарайды! Жаттығуды жасаған, Саусақтарым жарайды! 2.«Жұптарын тап» - ойыны. Мақсаты: бала зейінін және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: Балалар, өз күшімен, суретте көрсетілген табиғатқа байланысты бірдей заттарды тауып шығуы керек. Содан соң балалармен табиғат құбылыстары мен табиғат	Саусақ гимнастикасын орындайды, психологпен бірге Суретте берілген заттардың жұбын табу	Жұп суретті бланкалар
IV апта	1.«Менің отбасым» - саусақ гимнастикалық жаттығуы. Бір, екі, үш, төрт, бес! (әр санақ шапалақпен) Кімдер тұрады біздің үйде? Бір, екі, үш, төрт, бес! (әр санақ сайын саусақ бүгін) Санап шығам мен лезде: Әкем, анам, ағам – әпкем және мен! Жанұямыз біз үлкен! 2.«Мейірімге толы сөздер» - ойыны. Психолог: -Балалар, бұл біздің осы жылдағы соңғы кездесуіміз екен! Жыл бойында бір-бірімізді жақынырақ танып, достасып кеттік. Қане, қазір сендермен бір-біріне жылы сөздер мен тілектер айта алатын, доппен ойнайтын ойын ойнайық. Барлығымыз шеңбер бойын айнала отырып, допты бір-бірімізге беріп, жылы лебіздерімізді айтып шығайық».	Саусақ гимнастикасын орындайды Бір-біріне мейірімді сөздер айтуға дағдылану	
Мамыр I апта	1.«Алқаптағы гүл» - саусақ гимнастикасы. Алқапта өсіп тұр, жайқалған бір гүл, (екі алақанымызды біріктіре жабық гүл формасын жасаймыз) Көктем таңымен құлпырған дүл-дүл. (ақырындап ашып жайылған гүл шоғырын бейнелейміз) Бойына біткен нәр менен сұлулық (саусақтарымызды ашылған гүл формасында ұстап тұрып, толқындата қозғалтамыз) Жиналар жердегі тамырынан тартылып. (қолымызды төмен түсіре, саусақтарымызды жыбырлата тамырларды бейнелейміз) 2.Суретті қара да, есте сақта» - ойыны. Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту. Нұсқаулық: қағазда бейнеленген суреттерді мұқият қарап шық. Қағазды теріс аударып, сұрақтарға жауап бер.	Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу жасаймыз	Суретті карточка

II апта	1.«Көктем гүлдер» жаттығуы. Мақсаты: кең ойлау қабілетін дамыту, түс және пішіндер туралы білімдерін қайталау Нұсқаулық: Психолог балаларға – А4 қағазын, қайшы, түрлі – түсті қаламдар мен желім таратады. «-Балалар гүлге қарап, қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсындар? (домалақ, сопақ). Дұрыс! Жарайсындар! Қазір сендермен бірге осы пішіндердің көмегімен сиқырлы көктем гүлдерін құрастырайық. Алдымен пішіндерді ойып, дайындап алсақ, кейін барлық пішіндерді біріктіріп, желімдеп шығамыз. Ал, енді балалар – әркім өз көңіл – күйіне ұқсайтын түстерді таңдап ап, гүлдің бояп шығайық... Қане бастайық!». Балалармен бірге жұмыстарын талқылаңыздар, гүл сезімін және баланың көңіл – күйін сұрап шығыңыз. 2. «Көжек» - сергіту жаттығуы Мақсаты: қол қимылы және баланың қозғалыс белсенділігін үйлестіру. Нұсқаулық: балалар таппак айта отырып, қимыл әрекеттерімен көрсетіп шығады Қоян, қоян тұршы, Беті қолыңды жушы. Шашыңды тарашы, Айнаға қарашы.	Тапсырманы психологпен бірге орындайды. Сергіту жаттығуын орындайды	
III апта	1.«Балықты тап» әдістемесі - түйме терапиясы Психолог балаларға түйме толы сөмке ұсынады, бала қолын сөмкеге салып және психологтың нұсқауларын жасау керек: - ең үлкен балықты, ең кішкентайын және т.с.с /түймелерді/ табу. - әр түрлі пішінді түймелерден қағаздың үстіне балықтардың пішінін, теңіз түбін, тастарды, балдырлар және т.б. салады. 2.«Баян және барабан» - саусақ ойыны. Баянды алып қолыңа, (баянда ойнағандай түр жасау) Дүрсіл соқсын барабан. (барабан соққанын келтіру) Рояль болып сен ойна (рояльда ойнаған бейне жасау) Қызыққа толсын айналаң!	Саусақ моторикасын дамыту, түймелерді табу	Әртүрлі түймелер
IV апта	1. «Сәбіз тураймыз» Сәбізді алып тазалаймыз (Оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз (Екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз (Саусақтардың ұшымен «қант себеді»). Қаймақ құйып сәндейміз (Қолды жұдырыққа түйген күйі (қаймақ құйған сияқты) қол білезігін жоғары-төмен қозғайды). Міне, дайын нәр тағам. (Алақанымен іштерін сипалап, тойгандықтарын білдіреді). Дәруменге байыған.	Саусақ жаттығуын орындайды, өлең сөздерін қайталау арқылы Жоғалған затты	

2.Ойын «Не жоғалды?»

Үстелде жыл мезгілдеріне байланысты бірнеше заттар немесе суреттер қойылады. Бала жақсылап қарап алып, сосын арт қарайды. Психолог бір затты не суретті алып тастайды. Бала қалған заттарға қарап, жоғалып кеткен затты тауып, қай жыл мезгіліне байланысты екенін баяндауы қажет.

табу.

Бекітілді
«Айналайын» бөбекжайы
Директор  Г.Б.Айкешова
«01» 09 2023 жыл

**МКҚК «Айналайын» бөбекжайы психологының
ерекше білім беруді қажет ететін ересек топ балаларына
арналған жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы**

С.Шапағатов-2023 ж

Айналайын» бөбекжайы психологының ерекше білім беруді қажет ететін ересек топ балаларына арналған жұмыстар 2023-2024 оқу жылы

Ай аттары	Тапсырмалар	Мақсаты
Қыркүйек I апта	1.«Қырыққабат» - саусақ ойыны. 2. «Жайқалған гүлдер» жаттығуы	Ұсақ саусақ моториканы дамыту, қол үйлестіру,
II апта	1.«Шаттанайық қане» - сәлемдесу рәсімі. 2. «Не жоғалды» - ойыны.	Таным,ойлау қабілеттерін дамыту, визуалды қабылдау және сөйлеу қызметін дамыту.
III апта	1.«Сырнай»-релаксация және тыныс алу жаттығуы. 2.«Не жоғалды?» - ойыны.	Бет бұлшық – еттерін босаңсыту, ойлау қабілеттерін дамыту.
IV апта	1.«Ақылды саусақтар» - ойыны. 2.«Қуыршақты құрастыр»- дидактикалық ойыны.	Бет бейнесі, дене бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру
Қазан I апта	1.«Көздеріміз демалсын» - көзге арналған жаттығу. 2.«Шарфқа арналған шашақты желпіншек» - ойыны.	Визуалды қабылдауды және ұсақ саусақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.
II апта	1.«Көбелек» - көзге арналған жаттығуы. 2.«Пайдалы және зиянды тағам» - ойыны.	Зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.
III апта	1.«Шырылдауық шегіртке» - сергіту жаттығуы. 2.«Суретшіге көмектес» - жаттығуы.	Қозғалыс белсенділігін дамыту, ойлау қабілеттерін дамыту.
IV апта	1.«Жел» - сергіту жаттығуы. 2.«Кім несімен пайдалы?» - ойыны.	Қоршаған ортамен танысу, таным,ойлау қабілеттерін дамыту.
Қараша I апта	1.Сәлемдесу рәсімі 2.«Заттарды атап шық» - ойыны.	Жағымды қатынас қалыптастыру және қозғалыс белсенділігін

		дамыту, сөйлеу мәнерін дамыту.
II апта	1.«Үтік» - жаттығуы. 2.«Суретті қара да, есте сақта» - ойыны.	Зейін және ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.
III апта	1.«Менің отбасым» - саусақ гимнастикалық жаттығуы. 2.«Тәулік мезгілдерін ретімен атап шық» - ойыны.	Ойлау қабілетін дамыту, қоршаған ортамен таныстыру.
IV апта	1.«От тұтату» - жаттығуы. 2.«Жасырын бейнелер» - ойыны.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту, ойлау қабілеттерін дамыту.
Желтоқсан I апта	1.«Жаңбыр» - сәлемдесу рәсімі. 2. «Үйшік» - ойыны.	Ұсақ моторика, зейін жіне белсенділікті, дамату үйлестіру қабілетін, визуалды қабылдау, сөйлеу мәнерін дамыту.
II апта	1.«Баян және барабан» - саусақ ойыны. 2.«Сиқырлы нүктелер» жаттығуы.	Үйлестіру қабілетін, визуалды қабылдау, сөйлеу мәнерін дамыту
III апта	1.«Көңіл-күйің неге ұқсайды?» 2.«Көңілді жолдар»	Ұсақ моториканы, визуалды қабылдау, зейінді дамыту.
IV апта	1. «Сиқыршы» - саусақ ойыны. 2. «Көңілді зообак» жаттығуы	Ойлау қабілетін, зейінін дамыту.
Қаңтар I апта	1. Ақшақар» - ойыны. 2.«Ермексаз елі» ойыны.	Визуалды қабылдау қиял, моторика, қол бұлшық – еттерін дамыту.
II апта	1. «Үстел басында» - саусақ ойындары. 2. «Сиқырлы тамшылар» жаттығуы.	Ойлау қабілеттерін дамыту. саусақ моториканы дамыту.
III апта	1. «Балықтар суда жүзеді» - саусақ гимнастикасы. 2. «Көңілді балықтар» - ойыны.	визуалды қабылдау, қозғалыс үйлесімін дамыту

IV апта	1. Сәлемдесу. 2. «Өнерлі он саусақ» - саусақ ойыны.	Ұсақ саусақ моториканы ,ойлау қабілеттерін дамыту
Ақпан I апта	1. «Алқаптағы гүл» - саусақ гимнастикасы. 2. «Көжегім менің, көжегім» - көзге арналған жаттығуы.	Қол бұлшық – еттерін, ойлау қабілеттерін дамыту.
II апта	1. «Сәлемдесу» - саусақ гимнастикасы. 2. «Мұрын» - көзге арналған жаттығуы.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
III апта	1. Саусақтар шынжыр болады 2. «Кімге не қажет?» - жаттығуы.	Зейін, ойлау және визуалды қабылдау қабілеттерін дамыту.
IV апта	1. Сәлемдесу. 2. «Көңілді бағдаршам» - қозғалыс ойыны.	Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.
Наурыз I апта	1. «Жаңбырдан кейін» - саусақ гимнастикасы 2. «Ғажайып орман» - ойыны.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
II апта	1.«Анамызға арналған гүл» - саусақ гимнастикасы. 2.«Бақша гүлдері» ойыны.	Ойлау қабілеттерін дамыту. саусақ моториканы дамыту.
III апта	1.«Қырағы көздер» көзге арналған жаттығуы. 2.«Ақылды саусақтар» саусақ гимнастикасы	Көз бұлшық еттерін дамыту, ұсақ саусақ моториканы дамыту.
IV апта	1. «Сәлемдесу рәсімі»-саусақ жаттығуы. 2. «Бананға жету үшін маймылға көмектес» ойын.	Назар аудару, көріп қабылдау дағдысын дамыту.
Сәуір I апта	1.«Жаңбырдан кейін» - саусақ гимнастикасы. 2. «Қызықты суреттер» - жаттығуы.	Зейін, ойлау қабілеттерін дамыту, саусақ моториканы дамыту.
II апта	1.«Қырағы көздер» - көзге арналған жаттығуы 2.«Әрекетті бағала» - психологиялық ойыны.	Ойлау қабілеттерін дамыту, ұсақ саусақ моториканы дамыту.

III апта	1. «Салат тураймыз»-саусақ жаттығуы. 2. «Үйшік» - ойыны.	Үйлестіру қабілетін, визуалды қабылдау, сөйлеу мәнерін дамыту.
IV апта	1. «Көңілді сәлемдесу»-сәлемдесу рәсімі. 2. «Өнерлі он саусақ» - саусақ ойыны.	Ойлау қабілеттерін дамыту, ұсақ саусақ моториканы дамыту.
Мамыр I апта	1.«Ақылды саусақтар» саусақ жаттығуы. 2.«Кімге не қажет?» - жаттығуы.	Зейін, ойлау және визуалды қабылдау қабілеттерін дамыту.
II апта	1. Ненің көлеңкесі» ойыны. 2. «Доп» саусақ жаттығуы.	Ұсақ саусақ моториканы дамыту, ойлау қабілеттерін дамыту.
III апта	1. Саусақ жаттығуы: «Қырыққабат» 2. «Ермексаз елі» ойыны.	Қиял, саусақ бұлшық еттерін, ойлау қабілеттерін дамыту.
IV апта	1. «Не жоғалды?» - ойыны. 2. «Жасырын бейнелер» - ойыны.	Таным, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.

**Ерекше білім беруді қажет ететін ересек топ балаларына
арналған жұмыстары 2023-2024 оқу жылы**

Ай аттары	Тапсырмалар	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар
Қыркүйек I апта	1.«Қырыққабат» - саусақ ойыны. Мақсаты: моториканы және сөйлеу қызметін дамыту Нұсқаулық: Балалар психологпен бірге айта отырып, кимылдарын қол көмегімен сипаттайды. Біз қырыққабатты кесеміз. Қырыққабатты өткіземіз үккіштен. Үстінен молынан тұз себеміз. Бастыртамыз күшпенен. 2. «Жайқалған гүлдер» жаттығуы. Мақсаты: Ұсақ моториканы дамыту, қол үйлестіру, визуалды қабылдау. Нұсқаулық: Психолог балаларға: Қане гүлдеріміз жайқалып, әрі әсем болып өсуі үшін оларды суарайық. Қолымызға қалам алып, үзік сызықтарды жалғап шығайық және гүлдерді алуан түстерге бояуға болады.	Балалар психологпен бірге айта отырып, кимылдарын қол көмегімен сипаттайды үзік сызықтарды жалғап, гүлдерді бояп шығады	
II апта	1.«Шаттанайық қане» - сәлемдесу рәсімі. Қуан, шаттан, алақай! <i>(қолдарын жоғары көтереді)</i> Қуанышты күн келді. <i>(саусақтарын аша күн сәулесін бейнелейді)</i> Күліп шықты күн бүгін. <i>(Сұқ саусақтарымен күліп тұрған жүздерін көрсетеді)</i> Қайырлы таң, Қайырлы күн – Балақай! <i>(бір –бірлеріне қол бұлғай амандасады.</i> 2 . «Не жоғалды» - ойыны. Мақсаты: визуалды қабылдауды дамыту Нұсқаулық: Психолог балаларға: Суреттегі ойыншықтарды қарап шығып, қандай бөлшектері жетіспейтінін атап және оларды салып шығайық.	 Тақпакты бірге қайталай отырып, кимыл қозғалыстары арқылы сәлемдеседі Суреттегі жетіспейтін бөлшектерді көрсетіп, оларды салып шығады	Түрлі түсті карандаштар суретті бланка

III апта	1.«Сырнай» - релаксация және тыныс алу жаттығуы. Мақсаты: бет бұлшық – еттерін босаңсыту, әсіресе ерін айналасы. Психолог: «Қане сырнай тартып ойнайық. Сәл тыныс алып, сырнайымызды ернімізге апарайық. Баяу ғана демімізді шығарайық, деміміз шығарда ернімізді сырнай үрлегендей алға созайық. Сосын қайта қайталаймыз. Ойнаймыз! Қандай керемет оркестр!». 2.«Не жоғалды?» - ойыны Психолог үстел үстіне бірнеше заттар немесе суреттер қояды. Бала барлығын мұқият қарап шығып, теріс қарап тұрады. Психолог бір затты алып тастайды.. Бала қалған заттарға қарап, жоғалған затты атауы қажет.	Не жоқ екенін табу керек.	Ойыншықтар, жемістер
IV апта	1.«Ақылды саусақтар» - ойыны. Мақсаты: алақан саусақтарын өзіндік уқалауға үйрету. Психолог балаларға саусақтарды қалай дұрыс уқалау қажеттігін көрсетеді және не үшін екендігін түсіндіреді: «Ауырмасын басымыз деп - уқалаймыз басбармақты, Тынысымыз бір қалыпта болсын деп – уқалайық сұксаусақты, Ал ішіміз үшін – уқалайық ең ортаңғы саусақты, Аты жоқ саусақ – көтеріңкі болсын деп көңіліміз, Кішкентай бөбек – соғу үшін жақсы жүрегіміз!» - деп. 2.«Қуыршақты құрастыр» - дидактикалық ойыны. Мақсаты: Бет бейнесі, дене бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру. Нұсқаулық: Психолог балаларға жинастырылмаған кескінделген үлкен және кішірек екі қуыршақ бөлшектерін ұсынады. Нақты тапсырма береді: «Үлкен қуыршақтың үлкен аяғын тапта, орнына орнықтыр!»; «Кіші қуыршақтың аяғын тапта, орнына орнықтыр!»	Балалар психолог көрсеткенін қайталай отырып, саусақтарын уқалайды Сәйкес қуыршақ бөлшектерін тауып, орнынан орнықтырады	Екі қуыршақ кескіні
Қазан I апта	1.«Көздеріміз демалсын...» - көзге арналған жаттығу. Қане терең тыныста, Көздеріміз демалсын... <i>(Көздерімізді жұмамыз)</i> Қарашығы айнала, дөңгелене қозғалсын... <i>(Көздерімізді ашып, қарашығын сағат тілімен айналдыра қозғалтамыз)</i> Ашып жауып көзінді, бірнеше рет қайтала... <i>(Көздерімізді жиі ашып - жұмамыз)</i> Көзім міне демалып, қарайлаймын қуана... <i>(Көздерімізді ашып, қуанамыз)</i> 2.«Шарфқа арналған шашақты желпіншек» - ойыны. Мақсаты: моториканы, визуалды қабылдауды дамыту. Психолог шашақты желпіншектерді алдын –ала дайындап алады. Балалардың тапсырмасы - осы желпіншектер ілінетін шарфты қағаздан кескіндеп дайындау.	Балалар психологтың айтқан нұсқаулығы бойынша көз жаттығуларын жасайды Қағаздан кескіндемелер кесіп, шашақтарды жапсырады.	Желім, түрлі-түсті қағаз

II апта	1.«Көбелек» - көзге арналған жаттығуы. Ұйықтап жатты гүл – көктем, <i>(Көздерімізді жұмамыз, ақырын саусақтарымызбен, сағат тіліне қарай қаршығымызды басып уқалайыз)</i> Оянып кетті бірақ кенеттен... <i>(Көздерімізді ашып – жұмамыз)</i> Қайта ұйқы келмеді, Қолын сермеп, керілді <i>(Қолдарымызды соза керілеміз)</i> Жан – жағына қарайлап, Қанат қақты көкке енді. <i>(басымызды қозғалтпай көз қарашығымен қарайлап, денемізді сілкілейміз)</i> 2.«Пайдалы және зиянды тағам» - ойыны. Психолог балаларға суреттер жинағын ұсынып, пайдалы және зиянды тағам түрлерін топтарға жіктеулерін ұсынады.	Психолог көрсеткен жаттығуларды қайталайды Суреттерді екі топқа жіктейді	Әр түрлі тағамдар салынған суреттер жинағы
III апта	1.«Шырылдауық шегіртке» - сергіту жаттығуы. Мақсаты: қозғалыс белсенділігі. Балалар тапқакты қайталай отырып, қозғалыс жаттығуларын орындайды. Иығымызды көтеріп, шегірткедей секірсек... Бір – екі, бір – екі, Әлденейік біз енді. Тыныш қана тындайық. Тыныш, тыныш... Биік секір тез мүлде, тыныштық бұзған мезетте.. 2.«Суретшіге көмектес» - жаттығуы. Нұсқаулық: Балаларға салынбай қалған бөлшектері бар суреттер көрсетіледі. Ол сол бөлшекті атап, салып бітіруі және бояп шығуы қажет. 	Балалар тапқакты қайталай отырып, қозғалыс жаттығуларын орындайды Салынбай қалған бөлшекті айтып, салып бітіреді және бояп шығады	Қосымшада көрсетілген суреттер жиыны.
IV апта	1.«Жел» - сергіту жаттығуы Балалар қимыл – қозғалыстары арқылы желдің қозғалысын сипаттайды. «Тыныш, тыныш» сөздеріне отырады, «қатты соқты» сөздеріне – жоғары созылады. <i>Ертемен де, кешпен де, ертемен де, кешпен де,</i> <i>Тынымы жоқ зуылдап желаяқ жел ескенде.</i> <i>Тауды, тасты, ой-қырды, аралап кең даланы,</i> <i>Сай-саланы құалап шаршамай зыр қағады.</i> 2.«Кім несімен пайдалы?» - ойыны. Мақсаты: қоршаған ортамен танысу. Нұсқаулық: психолог балаларға – жан – жануарлардың, өсімдіктер мен жәндіктердің қандай пайдасы бар екендігін әңгімелеп береді. Қазіргі жыл мезгілін сұрайды, неге суық кезеңдерде жәндіктер мен кей құстардың болмайтындығын сұрайды. Ойын ойнайды: «суық» деген команда бойынша балалар ұйқыдағы жәндіктерге айналуы қажет, «жылы» командасы берілгенде жәндіктер оянып, асыр салады.	Балалар қимыл – қозғалыстары арқылы желдің қозғалысын сипаттайды. Ойын ойнайды: «суық» деген команда бойынша балалар ұйқыдағы жәндіктерге айналуы қажет, «жылы» командасы берілгенде жәндіктер оянып, асыр салады	Үй жануарларының дидактикалық ойын жинақтары

Қараша I апта	1.Сәлемдесу рәсімі Мақсаты: жағымды қатынас қалыптастыру және қозғалыс белсенділігін дамыту. Нұсқаулық: балалар бір – бірімен амандасып, жұптасып, бір – бірімен жақсы достар, ханзада мен ханшайым сияқты, қол алысып, саусақтарымен және т.с.с. амандасады. Ән айтуға барамыз Досымызды табамыз Сәлеметсің бе, міне мен Дос болайын сенімен... 2.«Заттарды атап шық» - ойыны. Мақсаты: сөйлеу мәнерін және әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлауды дамыту. Нұсқаулық: суретте бейнеленген заттарға қарап, олардың не мақсатта қолданылатын айтып бер. Бала өз ойын толық сөйлем күйінде жеткізе білуі, ол сойлемдер арқылы қысқаша әңгіме құрастыра алуы қажет. Заттардың тұрмыста қолдану қажеттілігін айта алуы керек.	Балалар тапсырылған шарттар бойынша сәлемдеседі Суреттегі заттарды атап, олардың тұрмыста қолдану мақсаттарын айтады.	Тұрмыстық заттар бейнеленген сурет. 10 мин.
II апта	1.«Үтік» - жаттығуы. Мақсаты: зейін және ұсақ моторикасын дамыту. Жуан қалам алып, үстел үстіне қой. Оң қолмен, сосын сол қолмен үйкеле. 2.«Суретті қара да, есте сақта» - ойыны. Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту. Нұсқаулық: қағазда бейнеленген суреттерді мұқият қарап шық. Қағазды теріс аударып, сұрақтарға жауап бер.	Бірге жасау, қайталау Суретті мұқият қарап шығып, бейнеленген кескіндерді есіне сақтап алып, айтып шығу	Сурет Заттар бейнеленген суреттер
III апта	1.«Менің отбасым» - саусақ гимнастикалық жаттығуы. Бір, екі, үш, төрт, бес! (әр санақ шапалақпен) Кімдер тұрады біздің үйде? Бір, екі, үш, төрт, бес! (әр санақ сайын саусақ бүгін) Санап шығам мен лезде: Әкем, анам, ағам – әпкем және мен! Жанұямыз біз үлкен! 2.«Тәулік мезгілдерін ретімен атап шық» - ойыны. Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту, қоршаған ортамен таныстыру Нұсқаулық: бала өз еркімен суреттегі және күнделікті өмірдегі тәулік мезгілдерін ажырата білуі керек және атап шыға алуы қажет.	Саусақ гимнастикасын орындайды. Тәулік мезгілдерін атап шығады.	Тәулік мезгілдері бейнеленген сурет.
IV апта	1.«От тұтату» - жаттығуы. Қаламды екі алақанмен қысып ұста. Бірінші ақырындап, кейін тезірек саусақ басы мен білекке дейін қозғалта қимыл жаса. Ал енді екі қаламмен осы әрекетті жасап көр. 2.«Жасырын бейнелер» - ойыны. Балалар суретке мұқият қарап шығындар және суретші қандай бейнелерді жасырып қойғанын табындар.	Қаламмен жаттығу жасайды. Жасырын бейнелерді табады	Екі қалам Бланк

Желтоқсан I апта	1.«Жаңбыр» - сәлемдесу рәсімі. Мақсаты: ұсақ моторика, зейін жіне белсенділікті дамату. Нұсқаулық: балалар психолог соңынан қайталай тізбек бойынша бір – біріне келесі қозғалыс түрлерін жеткізеді – жел (алақандарын ысқылайды), жауын тамшылары (саусақтарын шытырлата), жаңбыр (кеудесінен ұра), нөсер жаңбыр (аяқтарымен топырлата). 2. «Үйшік» - ойыны. Мақсаты: үйлестіру қабілетін, визуалды қабылдау, сөйлеу мәнерін дамыту. Нұсқаулық: баалалр суреттегі жан – жануарлар адасып кеткен сияқты. Қане, біз оларға үйлерін, мекен етер орталарын табуға көмектесейік.	Балалар сәлемдеседі, психогимнастиканы орындайды Аңдардың үйлерін тауып береді және өз таңдауларын түсіндіреді.	Дидактикалық карта
II апта	1.«Баян және барабан» - саусақ ойыны. Баянды алып қолыңа, <i>(баянда ойнағандай түр жасау)</i> Дүрсіл соқсын барабан. <i>(барабан соққанын келтіру)</i> Рояль болып сен ойна <i>(рояльда ойнаған бейне жасау)</i> Қызыққа толсын айналаң. 2.«Сиқырлы нүктелер» жаттығуы. Мақсаты: ұсақ моториканы, визуалды қабылдау, зейінді дамыту. Нұсқаулық: суретті нүктелері бойынша байланыстырып салып шығу және бояу.	Нұсқаулықты орындайды Нүктелері бойынша байланыстыра сурет салып шығады, бояйды.	Дидактикалық карта
III апта	1.«Көңіл – күйің неге ұқсайды?» - сәлемдесу рәсімі. «Сәлеметсіз бе? Сізді көргеніме өте қуаныштымын! «Көңіл – күйіңіз қандай? Оны неге ұқсатуға болады? – Менің көңіл – күйім ақша бұлттай! Ал сенің ше?» 2.«Көңілді жолдар» Мақсаты: ойлау қабілетін, зейін, визуалды қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: әр қатардан артық жануарларды атап шық.	Суретте бейнеленген артық жануарларды атап шығады.	Бланк суреттер

IV апта	1.«Сиқыршы» - саусақ ойыны. Қолыма қайшы түссе менің (оң қолмен қайшы бейнесі) Сиқыршыға айнала кетемін (сол қолмен сиқырлы таяқ бейнесін) Қағаздардан өрнектеп Сан кескіндер кесемін (қайшымен қырку бейнесі) Бояймын түрлі түстерге (сурет бояу бейнесі) Ұсыну үшін сіздерге... (екі қолды кеуде тұсынан екі жаққа аша) 2.«Көңілді зообак» жаттығуы А). Суретте бейнеленген пілдің баласына тамақ бер және олар туралы әңгімеле. Б). Пілдің баласына бергің келген, кез келген затты бояп шық.	Саусақ жаттығуларын орындайды Суреттегі беруге болатын тағам түрлерін табады Суретті бояп шығады.	Бланк, түрлі – түсті қалам.
Қаңтар I апта	1. Ақшақар» - ойыны. Мақсаты: визуалды қабылдау Нұсқаулық: Психолог: «Балалар, қане тиінге бірдей қар ұлпаларын табуға көмектесейік және ұнаған қар ұлпаларын бояп шығуларыңа болады». 2.«Ермексаз елі» ойыны. Мақсаты: қиял, моторика, қол бұлшық – етін дамыту, командалық ойынды көрсету. Психолог балаларға бір ертегіні айтып береді. «Балалар, сендердің осы ертегі еліне барғыларың келе ме? Ол үшін тек көздерімізді жұмып, сиқырлы әуенімізді тыңдасақ болды. Әркім өзінің қандайда бір оқиғасына ереді, музыка біткенде көздеріңді ашып, қалай болғанын айтып беріңдер». «Сендер нағыз ертегішілер екенсіңдер! Қаншама керемет оқиғалар құралды. Ал енді, ғажайып әлемімізді ермексаз көмегімен бейнелеп көрейікші. Ол үшін картон қағазын және түрлі көмекші заттарды (түрлі макарон өнімдері, дәндер, сүйектер, үрмебұршақ дәні, түйме және т.б.) қолдануға болады». Содан соң сиқырлы әлемге тағы бір рет оралу үшін және ол әлем сұлулығына бір қарау үшін, жасалған жұмыстар бойынша шағын көрме ұйымдастыруға болады.	Қалам көмегімен бірдей қар ұлпаларын байланыстырады Психолог әңгімесінен кейін елестеткен ертегі елін, ермексаз көмегімен бейнелейді	Бланк, түрлі – түсті қалапсап Ермексаз және түрлі көмекші заттарды (түрлі макарон өнімдері, дәндер, сүйектер, үрмебұршақ дәні, түйме және т.б.)
II апта	1.«Үстел басында» - саусақ ойындары. Менің әжем, нар әжем, Көп жасаған кәрі әжем. Көзілдірік тағып ап, (саусақтарымен көзілдірік жасап) Талай ертегі оқушы ең. (ашылған кітап бейнелей) Менің әжем, нар әжем, Көп жасаған кәрі әжем. Тыңдап жатып ертегің, (екі қолдарын желжесіне қойып, рахаттана) Тәтті ұйқыға батушы ем! (Алақандарын біріктіре бетінің астына қойып) 2.«Сиқырлы тамшылар» жаттығуы. Психолог алдымен өзі жасап, содан соң балаларға қалай жасау керектігін үйретеді. Қылқаламды қажетті бояу түсіне батырып алып, қағаз үстінен ұстап тұрамыз, ақырын қылқалам сабынан	Нұсқаулық бойынша көрсетілген қимылдарды қайталайды Қылқаламды қажетті бояу түсіне батырып	Бояу, қылқалам, қағаз

	ұрғылаймыз. Осылайша, болашақ салынатын суретке арналған тамаша фон дайындауға болады. Сонымен қатар, бояу тамшыларын тамызбай тұрып, қатты қағаздан дайындалған үлгілерді (үшбұрыш, домалақ және т.с.с) қойып, ерекше бейнелер жасауға болады.	алып, қағаз үстінен ұстап тұрып, ақырын қылқалам сабынан ұрғылай сикырлы тамшылар жасайды	
III апта	1.«Балықтар суда жүзеді» - саусақ гимнастикасы. Алуан түрлі балықтар, Су астында жүзде. <i>(алақандарын біріктіре жүзу қимылын жасайды)</i> Жүзеді оңға, жүзеді солға, Шошып түсер анда-санда. <i>(оңға, солға теңселе, бір рет секіреді)</i> 2. «Көңілді балықтар» - ойыны. Мақсаты: визуалды қабылдау, қозғалыс үйлесімін дамыту. Психолог балаларға: «-Балалар, теңізде үлкен – кішілі көп балықтар ауланады. Қазір бізде сендермен бірге балық аулауға барайық». Балалар балықтар жүзіп жүрген арнайы су толы ыдысқа келіп, қармақтарымен әркім өз шелегіне ұстаған балықтарын жинайды. «-Қармағымыз жақсы қауып, көп балық ұстадық! Оларды қайта суға жіберсек, қалай қарайсыңдар? Мекендерінде асыр сала жүзсін! -Балалар су астында жүзген балықтар желбезегі арқылы демалады. Олар дем алғанда ауа көпіршіктерін көруге болады. Қане бізде сол балықтар сияқты көпіршіктер жасап көрейікші». (Сабын көпіршігімен көпіршіктер үрлейміз).	Нұсқаулық бойынша көрсетілген қимылдарды қайталайды Арнайы қармақтар көмегімен балықтар аулап, сабын көпіршектерін үрлейді	Су толы ыдыс, магнит жапсырмасы бар қармақ және балықтар, сабын көпіршігін үрлеуге арналған ойыншықтар
IV апта	1. Сәлемдесу. Сәлемет пе? Шуақты күн көктегі! <i>(оң қолын жоғары соза)</i> Сәлемет пе? Нұрлы аспан көкпеңбек! <i>(екі қолды жоғары соза аспанды көрсетеді)</i> Сәлемет пе? Жер шарым – жайқалған! <i>(екі қолын жая, бір орында айнала)</i> Сәлем салам таңменен жаңа атқан! <i>(оң қолын кеудесіне қойып, сәл иіле)</i> 2.«Өнерлі он саусақ» - саусақ ойыны. Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орайды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ.	Психолог соңынан қайталайды Нұсқаулықты орындайды	
Ақпан I апта	1.«Алқаптағы гүл» - саусақ гимнастикасы. Алқапта өсіп тұр, жайқалған бір гүл, <i>(екі алақанымызды біріктіре жабық гүл формасын жасаймыз)</i> Көктем таңымен құлпырған дүл-дүл. <i>(ақырындап ашып жайылған гүл шоғырын бейнелейміз)</i> Бойына біткен нәр менен сұлулық <i>(саусақтарымызды ашылған гүл формасында ұстап тұрып, толқындата қозғалтамыз)</i> Жиналар жердегі тамырынан тартылып.	Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу жасаймыз	

	(қолымызды төмен түсіре, саусақтарымызды жыбырлата тамырларды бейнелейміз) 2.«Көжегім менің, көжегім» - көзге арналған жаттығуы. Көжегім менің, көжегім, алақаныма секір менің, Көжегім менің, көжегім, не деген кішкентай едің, Секір менің мұрныма, иығыма. керемет сенің секіргенің Маңдайыма шық менің, секір қайта иығыма Көзімізді жұмдық біз, ал күннің көзі тұр жадырап, Бетімізге түскен сәулесі, жеңіл ғана қыздырад(ы)! (қолдарымызды алға созып, оң қолымыздың сұқ саусағын сол алақан үстіне қойыңыз. Саусақ қозғалысына көз жүгіртіп, сұқ саусақты мұрынға баяу тигізіп, иыққа, маңдайға, қайта иыққа жақындат, Сұқ саусақ қозғалысын көз қарашығымен үзбей қадағалап тұрамыз. Көздеріңізді алақаныңызбен жабыңыз	Көз жаттығуын жасайды	
II апта	1.«Гномдардың қонақ шақырды» - саусақ гимнастикасы. Гномдар бірде қонақ шақырды Мақтанып, үйіп – төкті тамақты Қызғаныш кернеп алайда Ойлады көбірек алып қалуды. Қулықпен олар қонақты Тосаппен сыйлай бастады. Ауыс тиген қонақтың Сіресе қатты қасығы. (барлық саусақ ұштарына тосап жағып, бір – біріне жақсылап тигізе ұстап тұрамыз, саусақтарымызды ажыратып көреміз, қол саусақтарын ашу оңай болмайтындай, таңғалған қонақтар кейін сомдаймыз) 2.«Мұрын» - көзге арналған жаттығуы. Мұрын оңға-солға қарай қарауда Мұрын жоғары - төмен қарауда Мазасыз мұрын не көрді? Қай жаққа көз жүгіртті?	Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу жасаймыз Бірден жанарымызды оңға-солға каратамыз. Қабақ үстінен сұқ саусақпен жеңіл жүргіземіз.	Дидактикалық ойыншық – гном
III апта	1. Саусақтар шынжыр болады Үзілмейді тартсаңда. <i>(Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды)</i> Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. <i>(Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдырышүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.)</i> Достық үшін пілге мен, <i>(Алақандар бір-бірімен жабысады (доп пішінін жасайды))</i> Гүл сыйлағым келіп тұр. <i>(Қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айынақпен қосыла түптері өзара жанасады, Саусақтар ашылады)</i> 2.«Кімге не қажет?» - жаттығуы. Мақсаты: Мамандықтар туралы білімді бекіту, зейін, ойлау жіне визуалды қабылдау қабілеттерін дамыту. Берілген суреттегі мамандық иесіне қажетті құрал – саймандары	Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу жасаймыз. Әр мамандыққа қажетті суреттерді анықтайды	«Мамандық» дидактикалық ойыны

	мен заттары бейнеленген карточкаларды балалар дұрыс таңдай алулары қажет.		
IV апта	1. Сәлемдесу. Арайлап таң атты, Қайырлы таң балалар! Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң балалар! Әлемде нұр тыныштық, Әрбір бейбіт күн ыстық! 2.«Көңілді бағдаршам» - қозғалыс ойыны. Сигнал бойынша, ойынды жүргізуші жасыл түсті карточка көрсеткенде – балалар қозғала алады, сары карточка көрсеткенде – балалар мұқият болуы және дайындалулары керек екенін түсінулері керек, ал қызыл карточка көрсетілгенде – сигнал кезінде қандай позада болса, сол позада бірден қатып қалулары керек. Кімде – кім қозғалып қойса – ұтылады: ойыннан шығарылады.	Психолог соңынан қайталайды. Нұсқаулық бойынша ойнайды.	Қызыл, сары және жасыл түсті карточка
Наурыз I апта	1.«Жаңбырдан кейін» - саусақ гимнастикасы Жаңбырдан кейін не істеу керек? Жүгіргейсің шалшықтардан секіріп... Жаңбырдан кейін не істеу керек? Ойнағайсың қағаз кеме жіберіп... Жаңбырдан кейін не істеу керек? Сырғанашы Кемпіркосак үстінде... Жаңбырдан кейін не істеу керек? Себепсіз ақ күлкі ойнасын жүзінде... 2.«Ғажайып орман» - ойыны. Үлкен қағаз бетінде бірнеше ағаш және әр жерде шашырай – кішігірім түсініксіз пішіндер мен сызықтар салынған. Енді орманды салып бітіруге кіріссек болады. Бітпей қалған барлық суреттерді (әр бала өзіне тапсырылған пішіндерді аяқтап шығады) қалаған затқа айналдыра салып шығуға болады, мысалы: көбелек, құстар немесе гүл, ағаш, өзге ғаламшар келімсегі және т.с.с. Толығымен сурет салуды аяқтаған соң, балалармен бірге не салғандығын талқылап, ғажайып орманның мекендеушілері есебінде қызықты әңгімелер құрастырамыз. Сонымен қатар «Ғажайып теңіз мекені», «Ғажайып алқап», «Ғажайып саябақ» және т.с.с. тақырыпта балалармен жұмыс жасауға болады.	Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу жасаймыз. Бітпей қалған сызбаларды аяқтап, әңгіме құрастырады.	Алдын – ала дайындалған, аяқталмаған сызбалары бар үлкен ақ қағаз
II апта	1.«Анамызға арналған гүл» - саусақ гимнастикасы. Гүлзарда біздің өсіп тұр, Үлкен раушан жайқала. (саусақтарымызбен ашылып жабылған гүл бейнесін жасаймыз) Желмен бірге төгіп нұр, Теңселеді жай ғана. (оны жел теңсегендей оңға-солға қозғаймыз) Осы гүлді тамаша, Тарту етем анама! (мимика, қимылдар) 2.«Бақша гүлдері» ойыны. Әр балаға – болашақ жасалатын гүлдің ортасы болатын – домалақ карточкалар беріледі. Карточкалардың бірінде піл, бірінде – көйлек, бірінде – ара бейнеленген. Содан соң ойын лото түрінде жалғасады. Ойынды жүргізуші балаларға белгілі бір тақырыптарға сәйкес (киім, аң, жәндіктер және т.б.) карточкаларды үлестіреді. Балалар қолындағы карточкадағы	Нұсқаулықты орындайды Нұсқаулық шарттарын орындай отырып ойнайды, ортақ белгілері бойынша	Әр түрлі заттар бейнеленген карточкалар

	суретке үйлесетін тақырыптық заттарды тауып, гүл құрастырады.	суреттерді біріктіреді	
III апта	1. «Қырағы көздер» - көзге арналған жаттығуы Көзім жақсы көрсін деп, көз жаттығуын бастаймын: <i>Көз айналдыру.</i> Бастарыңды қозғалтпастан көздеріңді алдымен сағат тілімен, сонан соң кері бағытта он реттен айналдырыңдар. Енді осы жаттығуды жұмулы көздеріңмен қайталап шығыңдар. <i>Төрт бағытқа қарау.</i> Бастарыңды бұрмастан көздеріңді жоғары-төмен, оңға-солға қозғалтыңдар. <i>Көзіңді жұм.</i> Екі көздеріңді бірдей қатты жұмыңдар. Сонан соң бір нәрсеге таңқалғандай көздеріңді қатты ашыңдар. Мұны да бірнеше рет қайталаңдар. <i>Жыпылықтату.</i> Көздеріңді қатты әрі тез-тез ашып-жұмыңдар. Бұл жаттығуды тез және көбірек істеген пайдалы. <i>Ұйқы.</i> Ал енді көздеріңді жұмып, ұйқыға жатқандай өздеріңді бос ұстандар. Жағымды, қуанышты нәрселер туралы ой ойландар. 2. «Ақылды саусақтар» - саусақ гимнастикасы Саусақтарың ақылды, <i>(саусақтарың көрсете жыбырлатады)</i> Жаттығулар жасайды. <i>(екі қол саусақтарың айқастыра тез – тез бұратамыз)</i> Ширатамын ашып – жұмып, Жан – жағына қарайды! Жаттығуды жасаған, Саусақтарың жарайды!	Тапкыты айта отырып, саусақ гимнастикасын жасайды	
IV апта	1. Сәлемдесу рәсімі. Шеңбер бойымен тұрып: <i>Сәлем, оң қолым</i> - алға қарай созамыз, <i>Сәлем, сол қолым</i> - алға қарай созамыз, <i>Сәлем, досым! Сәлем, досым!</i> – қол ұстасып <i>Сәлем, сәлем, достық әлем!</i> – ұстаған қолдарымызды жоғары көтереміз.. 2. «Бананға жету үшін маймылға көмектес» ойыны. Мақсаты: назар аудару, көріп қабылдау дағдысын дамыту. Нұсқаулық: кім қайда барады? Барлық жолдарды көзбен (қолдарсыз) жүріп шығу қажет. 	Жаттығулар жасайды	Арнайы сурет
Сәуір I апта	1. «Жаңбырдан кейін» - саусақ гимнастикасы Жаңбырдан кейін не істеу керек? Жүгіргейсің шалшықтардан секіріп... Жаңбырдан кейін не істеу керек? Ойнағайсың қағаз кеме жіберіп... Жаңбырдан кейін не істеу керек? Сырғанашы Кемпіркосақ үстінде... Жаңбырдан кейін не істеу керек? Себепсіз ақ күлкі ойнасын жүзінде... 2. «Қызықты суреттер» - жаттығуы. Ойын мектеп жасына дейінгі балаларға арналған және заттардың атауларын есте сақтауға дайындайды. Бес қағазға қызықты және шынайы өмірде жоқ – жемістер, көкөністер, жануарлар және т.б. суреттерін слып шығу керек. Олардың әрқайсысына ерекше атаулар беріледі. Сосын балаларға көрсетіп, атауларын айтып шығады. Балаларға оларды есте сақтап алу қажеттігі алдын ала ескертіледі. Сосын суретті бірнеше секундқа жасырып, кезекпен балаларға көрсетеді, ал балалар олардың ерекше атауларын	Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу	Заттар бейнеленген суреттер нұсқасы

	қуаныштымын. Бүгін сендермен ерекше түрде сәлемдесейік. Ол үшін шеңбер бойымен тұрып, әркім өзінің есімін атап, сол жағында тұрған көршісімен алақандарын соғады. Мысалы мен – Ярамен алақан соғыстырамын, Яра өзін таныстырып Фирузамен алақан соғады.... Ал енді, дәл осылай иықтарымызбен, арқамызбен, шекемізбен амандасып көрейік. Керемет!». 2. «Өнерлі он саусақ» - саусақ ойыны. Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орайды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ	амандасады Нұсқаулықты орындайды	
Мамыр I апта	1.«Ақылды саусақтар» саусақ жаттығуы. Басбармақты уқалаймыз-ауырмасын басымыз деп, Сұқ саусақты уқалаймыз -тынысымыз бірқалыпты болсын деп. Уқалаймыз ортаңғы саусақты-ауырмасын ішіміз деп, Аты жоқ саусақты уқалаймыз- көтеріңкі болсын деп көңіліміз, Уқалаймыз кішкентай бөбекті біз- жаксы соғу үшін жүрегіміз. 2.«Кімге не қажет?» - жаттығуы. Мақсаты: Мамандықтар туралы білімді бекіту, зейін, ойлау және визуалды қабылдау қабілеттерін дамыту. Берілген суреттегі мамандық иесіне қажетті құрал – саймандары мен заттары бейнеленген карточкаларды балалар дұрыс таңдай алулары қажет.	Психологпен бірге кайталайды Әр мамандыққа қажетті суреттерді анықтайды	Мамандық дидактика лық ойыны 10 мин
II апта	1. Ненің көлеңкесі» ойыны. Нұсқаулық: суретте жануарлардың көлеңкелері көрсетіледі, бала қай жануардың көлеңкесі екенін анықтауы керек. 2.Саусақ жаттығуы: «Доп» Добым, добым домалақ, Қайда кеттін домалап. Үстел үстін бүлдірдің Тәрелкені сындырдың.	 Жануарлар көлеңкесін табады. Өлең сөздерін кайталау	Жануарлар бейнелен ген суреттер
III апта	1.Саусақ жаттығуы: «Қырыққабат» Балалар психологпен бірге айта отырып, қимылдарын қол көмегімен сипаттайды. Біз қырыққабатты кесеміз. Қырыққабатты өткіземіз үккіштен. Үстінен молынан тұз себеміз. Бастырамыз күшпенен. 2.«Ермексаз елі» ойыны. Мақсаты: қиял, моторика, қол бұлшық – етін дамыту, командалық ойынды көрсету. Психолог балаларға бір ертегіні айтып береді. «Балалар, сендердің осы ертегі еліне барғыларың келе ме? Ол үшін тек көздерімізді жұмып, сиқырлы әуенімізді тыңдасақ болды. Әркім өзінің қандайда бір оқиғасына ереді, музыка біткенде көздеріңді ашып, қалай болғанын айтып беріңдер».	Психолог әңгімесінен кейін елестеткен ертегі елін, ермексаз көмегімен бейнелейді	Ермексаз және түрлі көмекші заттарды (түрлі макарон өнімдері, дәндер, сүйектер, үрмебұршақ

	«Сендер нағыз ертегішілер екенсіңдер! Қаншама керемет оқиғалар құралды. Ал енді, ғажайып әлемімізді ермексаз көмегімен бейнелеп көрейікші. Ол үшін картон қағазын және түрлі көмекші заттарды (түрлі макарон өнімдері, дәндер, сүйектер, үрмебұршақ дәні, түйме және т.б.) қолдануға болады». Содан соң сиқырлы әлемге тағы бір рет оралу үшін және ол әлем сұлулығына бір қарау үшін, жасалған жұмыстар бойынша шағын көрме ұйымдастыруға болады.		дәні, түйме және т.б.)
IV апта	1.«Не жоғалды?» - ойыны Психолог үстел үстіне бірнеше заттар немесе суреттер қояды. Бала барлығын мұқият қарап шығып, теріс қарап тұрады. Психолог бір затты алып тастайды. Бала қалған заттарға қарап, жоғалған затты атауы қажет. 2.«Жасырын бейнелер» - ойыны. Балалар суретке мұқият қарап шығындар және суретші қандай бейнелерді жасырып қойғанын табындар.		Балалар психолог көрсеткенін қайталай отырып, саусақтарын укалайды. Жасырын бейнелерді табады. Бланк жасырын бейнелер суреттері

Бекітіді
«Айналайын» бөбекжайы
Директор Г.Б.Айкешов
«01» 09 2023 ж



**Ерекше білім беруді қажет ететін мектепалды тобы
балаларына арналған жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы**

**Ерекше білім беруді қажет ететін мектепалды тобы балаларына
арналған жұмыстар 2023-2024 оқу жылы**

Ай аттары	Тапсырмалар	Мақсаты
Қыркүйек	1. «Көпіршік үрлен, үлкен боп үрлен!»- 2. «Гүлдерді салу» дәнді дақылдармен ойын	Балаларды өз қатарластарымен қарым-қатынас жасау мәдениетіне қалыптастыру. Саусақ моторикасын дамыту.
II апта	1. Тыныс алу жаттығуы «Әуе шары» 2. «Тізбектегі суреттер» ойын.	Топты біріктіру және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру. Шаршау және эмоциялық күш салудан тынықтыру.
III апта	1. Саусақ ойындары «Үйрек балапаны» 2. «Көңілді әтеш» жаттығуы	Ұсақ саусақ моториканы және сөйлеу қызметін дамыту. Жады және зейін қабілетін дамыту.
IV апта	1. «Сәлем, мен көжекпін!»-сәлемдесу рәсімі 2. «Кеме және жел» демалу және тыныс алу жаттығулары. 3. Саусақ жаттығуы: «Сәбіз тураймыз»	Қарым-қатынас қалыптастыру, дұрыс тыныс алуды реттеу. Саусақ моторикасын дамыту.
Қазан I апта	1. Қоршаған ортамен танысу. 2. Ойын: «Кім немен саяхатқа барады?»	Тірі және өлі табиғатпен танысу. Зейін қабілетін, сөздік қорын, ұсақ саусақ моторикасын дамыту.
II апта	1. Ізгі ниет тілегі-сәлемдесу 2. «Қуаныш» тыныс алу және релаксация жаттығуы	Ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Жады және зейін қабілетін дамыту.
III апта	1. Жаттығу «Мен және менің дене мүшелерім» 2. «Қырыққабат» - саусақ ойыны.	Зейін салу қабілетін жаттықтыру, ұсақ моторика және қол қозғалысы үйлестігін дамыту. Көрнекі қабылдау, қоршаған ортамен танысу.
IV апта	1. «Саған не алып берейін, досым?» жаттығуы 2. «Көңілді зообақ» жаттығуы.	Саусақ моториканы және сөйлеу қызметін дамыту. Жады және зейін қабілетін дамыту.
Қараша I апта	1. «Сәбіз тураймыз» саусақ жаттығуы 2. «Не жоғалды?» ойыны	Ұсақ саусақ моториканы және сөйлеу қызметін дамыту. Таным қабілетін дамыту, ойлау қабілетін арттыру.
II апта	1. «Ненің көлеңкесі?» жаттығуы 2. «Менің көздерім» көзге арналған жаттығу	Ойлау, таным қабілеттерін қалыптастыру. Көз қарашығын дамыту.
III апта	1. «Үзік сызықпен бейнеленген үлгіні үстінен сызып шық» 2. «Суретке сәйкес тәулік мерзімін ата» ойыны.	Ұсақ моторика және қол қозғалысы үйлестігін дамыту.
IV апта	1. «Сиқырлы суреттер» жаттығуы. 2. «Көжек» сергіту жаттығуы.	Таным қабілетін дамыту, ойлау қабілетін арттыру. Ұсақ саусақ

		моториканы және сөйлеу қызметін дамыту.
Желтоқсан I апта	1. «Ақылды саусақтар» саусақ жаттығуы. 2. «Топтарға жікте»	Ұсақ моторика және қол қозғалысы үйлестігін дамыту. Заттарды ұқсастығы бойынша жіктей білу.
II апта	1. «Бізді қоршаған әлем», сәлемдесу рәсімі. 2. Ойын «Біз отырамыз, ұшамыз»	Бірлестік, жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру, қол қозғалысы үйлесімдігін дамыту. Қоршаған ортамен танысу.
III апта	1. «Кім қайда барады?» 2. Релаксация және тыныс алу үшін жаттығулар «Әуе шары»	Қарым-қатынас жасау дағдыларына бейімдеу. Ұсақ саусақ моторикасын, көру қабілетін дамыту.
I апта	1. Тыныс алу үшін жаттығулар «Әуе шары» 2. Қоршаған ортамен танысу. Ойын «Кім немен саяхатқа барады?»	Таным, ойлау қабілеттерін дамыту. Көліктердің түрлерімен таныстыру, топтастыру.
III апта	1. Саусақ ойындары 2. «Көңілді әтеш» жаттығуы	Саусақ бұлшықеттерін дамыту, сергіту. Зейін қабілетін, сөздік қорын, ұсақ моториканы дамыту.
IV апта	1. «Сәлем, мен көжекпін!» - сәлемдесу. 2. «Кеме және жел» демалу және тыныс алу жаттығулары	Өзара қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.
III апта	1. «Кім қайда барады?» 2. Релаксация және тыныс алу үшін жаттығулар «Әуе шары»	Назар аудару, көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту. Дұрыс тыныс ала білу дағдыларын қалыптастыру.
IV апта	1. «Менің көлеңкемді тап» ойыны. 2. «Қандай зат артық және неге?»	Ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Жады және зейін қабілетін дамыту.
Қаңтар I апта	1. «От тұтату» - жаттығуы. 2. «Аяз ата келеді» - жаттығуы	Ойлау, визуалды көру қабілеттерін дамыту.
II апта	1. «Қысқы табиғат» гимнастикасы 2. «Қалам - қылқалам» жаттығуы	Ұсақ саусақ моторикасын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру.
III апта	1. «Үтік» - жаттығуы. 2. «Суретті қара да, есте сақта» - ойыны.	Зейін және ұсақ моторикасын дамыту. есте сақтау қабілетін дамыту.
IV апта	1. «Мұқият болыңыз!» Психогимнастикасы 2. «Суретшіге көмектес» жаттығуы	Зейінін ынталандыру, тез және нақты әрекет етуге баулу. бала зейінін және көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту.
Ақпан I апта	1. Саусақ жаттығуы: «Доп» 2. «Жасырын бейнелер» - ойыны.	Саусақ моторикасын дамыту, ойлау, зейін қоя білу қабілетін жетілдіру.

II апта	1. «Менің көлеңкемді тап» ойыны 2. «Болады - болмайды» ойыны.	Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
III апта	1. «Алғыр кірпі» жаттығуы 2. «Жылқы» саусақ гимнастикасы.	Ауыз екі сөйлеу мәдениетін, танымдық орта, қиял, көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту. моториканы дамыту, зер салу.
IV апта	1.«Тегіс жол сал» жаттығуы 2.«Суретті қара да, есте сақта» - ойыны.	Көрнекі қабылдау бейімін көтеру. Ұсақ моторикасын дамыту, есте сақтау қабілетін дамыту.
Наурыз I апта	1. «Сәлем» сәлемдесу жаттығуы 2. «Жаңғақ домалату» ойыны 3. «Бананға жету үшін маймылға көмектес» ойыны.	Ұсақ моториканы дамыту, назар аудару, көріп қабылдау дағдысын дамыту.
II апта	1. «Көктемде не болады?» дидактикалық ойын. 2.«Ақылды саусақтар» - саусақ гимнастикасы.	Ұсақ моторикасын дамыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Саусақ моторикасын дамыту.
III апта	1.«Біз доп жасаймыз» техникасы 2.«Менің отбасым» - саусақ гимнастикалық жаттығуы. 3.«Жұбын тап» ойыны	Саусақ моторикасын дамыту, ойлау, зейін қоя білу қабілетін жетілдіру.
IV апта	1.Ойын «Тәулік мезгілдерін ата» 2.«Балықты тап» әдістемесі - түйме терапиясы	Көрнекі қабылдау, қоршаған ортамен танысу.
Сәуір I апта	1.«Кім, қайда өмір сүреді» жаттығуы. 2.«Баян және барабан» - саусақ ойыны.	Таным, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұсақ саусақ моторикасын дамыту
II апта	1.«Хайуанаттар бағына серуен» жаттығуы 2.Дидактикалық ойын «Бұршік, жапырақ және гүл»	Зейінін, визуалды қабылдау, графикалық – қозғалыс қызметін дамыту.
III апта	1. «Көмекшілер» жаттығуы. 2.«Гүл шоғын жинау» қимыл - қозғалыс ойын	Сөздік қорын байыту, қарым-қатынас дағдыларын, зейін салу қабілетін дамыту.
IV апта	1.«Орын ауыстыру» ойын – жаттығуы 2.«Заттарды атап шық» - ойыны.	Сөйлеу мәнерін және әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлауды дамыту.
Мамыр I апта	1. «Бұл не мамандық?»-дидактикалық ойын. 2.Көзге арналған жаттығу.	Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
II апта	1.«Үйшік» - ойыны. 2.«Сикырлы нүктелер» жаттығуы.	Үйлестіру қабілетін, визуалды қабылдау, сөйлеу мәнерін д ұсақ моториканы, визуалды қабылдау, зейінді дамыту.

III апта	1.«Сиқырлы дақтар мен сия тамшылары» жаттығуы. Изо-терапия 2.«Қалай өмір сүресіз?» саусақ гимнастикасы.	Ұсақ моториканы, бала қиялын, сөйлеу мәдениетін дамыту.
IV апта	1.«Арнайы көлік» ойыны. 2.«Сөйлемді аяқта» ойыны.	Сөздік қорын байыту, қарым-қатынас дағдыларын, зейін салу қабілетін дамыту.

**Ерекше білім беруді қажет ететін мектепалды тобы балаларына
арналған жұмыстар 2023-2024 оқу жылы**

Ай аттары	Тапсырмалар	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар
Қыркүйек I апта	1. «Көпіршік үрлен, үлкен боп үрлен!»- сәлемдесу рәсімі Максаты: Балаларды өз қатарластарымен қарым-қатынас жасау дағдыларына бейімдеу. Ойын ережесі: Психолог: балалардың біріне жақын барып, танысып, ойнауға шақырады («Сенің атың кім?», «Мерей, кел ойнайық!»). Сосын олар бірге келесі балаға жақындап, онымен танысады және ойынға шақырады. Осылайша олар бірге келесі ойыншыға, тағысын солай жалғастырады. Олар жиналып болғасын, бірге шеңберге тығыздала жиналып, артқа қадам жасай отырып, «көпіршікті» үрлей бастайды. Әр қадам басқан сайын балалар – «Көпіршік үрлен, үлкен боп үрлен, үлкен боп үрлен де, жарылма!» ұрандатады. Психолог: «Көпіршік жарылды!» дегенде: барлық балалар шапалақпен жарылған көпіршіктердің дыбысын шығарады. Қолдарын шапалақтап, қайтадан ортаға жиналады. 2. Дәнді дақылдармен ойын: «Гүлдерді салу» Максаты: саусақтардың ұсақ моторикасын, көру қабілетін дамыту. Нұсқаулық: Картонға бір уыс астық дәнін төгіп, балаларға сол дәндерден өз еркімен бірнеше сызбалар салуға ұсыныс жасаңыз. Содан кейін суреттер салуға өтіңіздер: толқын, жаңбыр, шеңбер, шаршы. Әртүрлі гүлдермен сурет салуды аяқтаңыздар: түймедақ, қызғалдақ және т.с.с.	Балалар бір-біріне жақындап, ойнауға шақырады, содан кейін тығыз шеңберге айналады, сол шеңберді үлкейте артқа қадамдар жасайды, қолдарын шапалақтайды. Астық дақылдарымен картон қағазда сурет салады	Картон, астық дәндері
II апта	1. Тыныс алу үшін жаттығулар «Әуе шары» Барлық ойыншылар шеңбер бойымен отырады немесе тұрып тұрады. Психолог келесі нұсқаулар береді: «Қазір біз шарларды үрлеп көреміз деп елестетіндер. Елестетіп тұрған шарды ақырындап үрлеп, көздеріңмен шардың қалай үлкейіп бара жатқанын байқадыңдар ма? Елестетіндерші? Мен де сендердің үлкен шарларыңды көз алдыма елестетіп тұрмын. Ал енді үрленген шарларыңды бір-біріне көрсетіндер!» Жаттығу 3 рет қайталануы мүмкін.	Балалар орындықтарда отырып, айтылған шарттарды орындайды.	Релаксация мәтіні

	2. «Тізбектегі суреттер» ойын Мақсаты: Баланың қиялын дамыту және сонымен бірге балаларға негізгі геометриялық фигуралардың атауын білуге көмектесу. Нұсқаулық: Психолог еденде жіппен түрлі геометриялық пішіндерді жасап көрсетеді: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ. Содан кейін балаларға көрсетілген пішіндердің кез-келгенін өздеріне жасап көруіне ұсыныс жасайды.	Жіп көмегімен әр түрлі пішіндерді жасап көреді	Жіп
III апта	1.Саусақ ойындары Мақсаты: саусақ бұлшықеттерін дамыту,сергіту. «Үйрек балапаны» Балапан, дыбыстамай! Анашынды іздеп көр! Екі қол жұдырықтарын ашып – жауып отырыңыздар. «Саусақтар» Бұл менің көмекшілерім, мың бұрала билейді. Бұлай бұра, бұлай бұра. Шаршамайды ешқашан! (Қолды алға созамыз, саусақтарды түзетіп, қолды жоғары және төмен бұраймыз.)	Екі қол жұдырықта рын ашып-жұмып отырады. Қолды алға созып, қолды жоғары және төмен бұрайды	
	2. «Көңілді әтеш»жаттығу Мақсаты: зейін қабілетін, сөздік қорын, ұсақ моториканы дамыту <u>Нұсқау:</u> Бала төмендегі үлгілерді суретпен салыстыра отырып,дәл сондай фигураларды түрлі-түсті қаламдармен бояуы керек.	 Үлгілерді сурет пен салыстыра отырып, дәл сондай фигураларды түрлі-түсті қаламдар мен бояуы керек.	Бланк №1
IV апта	1. «Сәлем, мен көжекпін!» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: өзара қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу. Ойын ережесі: психологколына жұмсақ ойыншық ұстайды (көжек). Содан кейін балаларға көжекпен сәлемдесу ұсынылады. Әрбір бала көжекпен қол алысып, өзін еркелете таныстырады: - Сәлеметсің бе, көжек, мен Айнұрмын.	балалар көжекпен қол алысып, өзін еркелете таныстырады	Жұмсақ ойыншық,
	2.«Кеме және жел» демалу және тыныс алу жаттығулары - «Біз желкенді кемеміздің толқындарда жүзіп бара жатқанын елестетіп көрейікші, балалар, бірақ, ол кенеттен тоқтап қалды. Ал қанекей, оған көмектесу үшін желді көмекке шақырайық!»Терең тыныс алып, қатты шуылдата кемеге қарай жел үрлейміз. - Тағы бір қайталап көрейік. Мен желдің қалай соққанын естігім келеді! Жаттығуды 3 рет қайталауға болады. 3. «Сәбіз тураймыз» саусақ жаттығуы Сәбізді алып тазалаймыз (Оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз (Екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз (Саусақтардың ұшымен «қант себеді»).	Тыныс алу жаттығула рын орындайды Психологпен бірге жасау	Музыка

	Қаймақ құйып сәңдейміз (Қолды жұдырыққа түйген күйі (қаймақ құйған сияқты) қол білезігін жоғары-төмен қозғайды). Міне, дайын нәр тағам. (Алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын білдіреді). Дәруменге байыған.		
Қазан I апта	1. Қоршаған ортамен танысу. Суреттен тірі және өлі табиғатқа қатысты дүниені анықтау. Бізді қоршаған табиғат туралы балаларға түсінік беру. Суретте тірі табиғат (адам, жануарлар, өсімдіктер) және өлі табиғат (от, су, құм, тастар) көрсетілген.	Тірі және өлі табиғатқа қатысты дүниелерді анықтайды.	Дидактикалық карточка
	2. Ойын «Кім немен саяхатқа барады?» Мақсаты: көліктердің түрлерімен таныстыру, топтастыру. Психолог балаларға көліктердің түрлерін атап, оларды топтарға бөлуін, содан соң оларға қалаған көліктерін тандап алып, түрлі-түсті қалам мен бояуға ұсыныс жасайды.	 Көлік түрлерін атау, топтарға бөліп, қалаған көлік түрін бояйды	түрлі-түсті қарындаштар бланк №2
II апта	1.«Ізгі ниет тілегі» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: Топты біріктіру және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру. Нұсқаулық: Психолог балаларға бір – бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер жасап, содан соң бір-біріне қарап, күлімсіреп, жақсы тілектер айтуды ұсынады.	Айтылған ұсыныстарды орындайды	
	2. «Қуаныш», тыныс алу және релаксация жаттығуы Мақсаты: Шаршау және эмоциялық күш салудан тынықтыру. Нұсқаулық: Балалар жатып, көздерін жабады. Олар бір-бірімен тыныш сөйлесе алады. Содан кейін психолог оларды жылы күнде, ағаштың көлеңкесінде жатқанын елестетуді ұсынады. «Терең тыныс алып, жылу мен тыныштықты сезініңдер!» Балаға қалай тыныштық пен қуаныш сезімін бастан кешетіндігі айтылады.	Балалар кілемше үстіне жатып, көздерін жұмады	Релаксацияға арналған кілемше, құстар сайраған әуен
III апта	1.Жаттығу «Мен және менің дене мүшелерім» Мақсаты: дене мүшелерінің атауларын білу және көрсету. Нұсқау: психолог балалардан суретке қарап адамның дене мүшелерін атап шығуын және өз денесінде көрсетуін сұрайды. Сосын бала суреті түрлі-түсті қаламдармен бояп шығуы керек.	 Балалар суретке қарап адамның дене мүшелерін атап шығып және өз денесінде көрсетеді, суретті бояйды.	Бланк №3 түрлі-түсті қарындаштар



	2.«Қырыққабат» - саусақ ойыны. Мақсаты: моториканы және сөйлеу қызметін дамыту Нұсқаулық: Балалар психологпен бірге айта отырып, қимылдарын қол көмегімен сипаттайды. Біз қырыққабатты кесеміз. Сәбізді өткіземіз үккіштен. Үстінен молынан тұз себеміз. Бастыртамыз күшпенен.	суретті бояйды. Балалар психологпен бірге айта отырып, қимылдарын қол көмегімен сипаттайды.	
IV апта	1. Жаттығу «Саған не алып берейін, досым?» Мақсаты: Жад және зейін қабілетін дамыту. Нұсқаулық: Балалар алдына 5-6 заттар қойылады. Олар мұқият қарап шығып, бұл заттардың атауы мен мақсаттары туралы қойылған психологтың сұрақтарына жауап беруі керек. Содан кейін балалар осы заттардың бәрін есте сақтап алулары қажет. Психолог заттардың барлығына қарай қарайды. Әр баладан кезек ретімен: «Саған не алып берейін, досым?» деп сұрайды. Шарт бойынша балалар кез келген затты атайды, тек бұрын аталған заттарды қайталанылмауы керек. Бала алған заттың қолдану мақсатын айтып беруі керек. 2. «Көңілді зообақ» жаттығуы а) Суретте бейнеленген пілдің баласына тамақ бер және олар туралы әңгімеле. Пілдің баласына бергің келген, кез келген затты бояп шық. 	Заттарды мұқият қарап шығып, есіне сақтайды, содан соң психологтан есіне қалған затын қаптап алып беруін сұрайды. Суреттегі беруге болатын тағам түрлерін табады Суретті бояп шығады.	Ойыншық тар мен қапшық Бланк, түрлі-түсті қалам.
Қараша I апта	1.Саусақ жаттығуы: «Сәбіз тураймыз» Сәбізді алып тазалаймыз (Оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз (Екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз (Саусақтардың ұшымен «қант себеді»). Қаймақ құйып сәндейміз (Қолды жұдырыққа түйген күйі (қаймақ құйған сияқты) қол білезігін жоғары-төмен қозғайды). Міне, дайын нәр тағам.(Алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын білдіреді). Дәруменге байыған. 2.«Не жоғалды?» ойыны Нұсқаулық: үстел үстіне бірнеше заттар немесе суреттер қойылады. Бала оларға жақсылап қарап алып, теріс қарап тұрады. Психолог бір затты не суретті алып тастайды. Бала қалған заттарға қарап, не жоғалғанын табуы керек.	Жоғалған затты атайды.	Заттар немесе суреттер

II апта	1.Жаттығу «Ненің көлеңкесі?» Әр объектінің тастайтын көлеңкесін тауып, оларды сызықтармен байланыстыр. Аяқ киімдерді түрлі түспен бояп, аяқ киімдерді қай жыл мезгілдерінде киюге болатынын талқылаңыздар.  2.Көзге арналған жаттығу: «Менің көздерім» Қане терең тыныста, Көздеріміз демалсын... (Көздерімізді жұмамыз) Қарашығы айнала, дөңгелене қозғалсын... (Көздерімізді ашып, қарашығын сағат тілімен айналдыра қозғалтамыз) Ашып жауып көзінді, бірнеше рет қайтала... (Көздерімізді жиі ашып - жұмамыз) Көзім міне демалып, қарайлаймын қуана... (Көздерімізді ашып, қуанамыз)	Заттарды көлеңкелеріне қарай табу. Аяқ киімдерді бояу. Балалар психологтың айтқан нұсқаулығы бойынша көз жаттығуларын жасайды	Бланк №4 түсті қаламдар
III апта	1. Жаттығу «Үзік сызықпен бейнеленген үлгіні үстінен сызып шық» Мақсаты:зейін салу қабілетін жаттықтыру, ұсақ моторика және қол қозғалысы үйлестігін дамыту. Бала үлгі бойынша кескінделген суреттерді үстінен сызып шығуы қажет.  2. Ойын «Суретке сәйкес тәулік мерзімін ата» Мақсаты: көрнекі қабылдау, қоршаған ортамен танысу. Бала суреттегідей күнделікті тәулік бөліктерін ажырата және атай білуі керек, сонымен қатар сол уақыт кезеңіне байласнысты тамақтану уақыттарын айтып беруі кере: таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі шай, кешкі ас. 	Үзік сызықтар бойымен суреттерді сызып шығуы қажет Тәулік мерзімін, сонымен қатар тамақтану уақыттарын айтып шығады.	бланктер түсті қаламдар Тәулік мерзімдері көрсетілген сурет
IV апта	1.«Сиқырлы суреттер» жаттығуы Мақсаты: ұсақ моториканы және көрнекі қабылдауды дамыту; Нұсқаулық:суреттегі элементтердің арасында жиһаздың бөлігін табу және безендіру.  2. «Көжек» сергіту жаттығуы. Мақсаты: қол қимылы және баланың қозғалыс белсенділігін үйлестіру. Нұсқаулық: балалар тақпақ айта отырып, қимыл әрекеттерімен жасап шығады. Қоян, қоян тұршы, Беті-қолыңды жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы.	Жиһаздарды тауып, түрлі-түсті қаламдармен бояйды.	Суреттер

Желтоқсан I апта	1.«Ақылды саусақтар» саусақ жаттығуы. Басбармақты уқалаймыз-ауырмасын басымыз деп, Сұқ саусақты уқалаймыз -тынысымыз бірқалыпты болсын деп. Уқалаймыз ортаңғы саусақты-ауырмасын ішіміз деп, Аты жоқ саусақты уқалаймыз- көтеріңкі болсын деп көңіліміз, Уқалаймыз кішкентай бөбекті біз- жақсы соғу үшін жүрегіміз. 2.«Топтарға жікте» Мақсаты: заттарды ұқсастығы бойынша жіктей білу Нұсқаулық: Бала бір сөзбен айтқанда, заттарды топтарына байланысты атауы тиіс. Мысалы: ыдыс-аяқ, жиһаз, киім, көкөніс және т.б.	Психологпен бірге қайталайды Заттарды топтарына байланысты жіктейді. (ыдыс-аяқ, жиһаз, киім, көкөніс және т.б.)	Классификация бойынша суреттер
II апта	1. «Бізді қоршаған әлем», сәлемдесу рәсімі. Мақсаты:бірлестік, жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру, қол қозғалысы үйлесімдігін дамыту. Нұсқаулар: Балалар тұрып, қол ұстасып, бір-біріне қарап, күлімсіреп, күнге сәлем беріп, аспанға, ағаштарға, шөпке, жерге (қолдарын көтере созып) сәлем береді. 2. Ойын «Біз отырамыз, ұшамыз» Мақсаты: қоршаған ортамен танысу, классификация. Нұсқаулық: суретте бейнеленген үй құстары және қыс айларында жылы жаққа қоныс аударатын құстарды тауып, анықтама беру. Бала барлық үй құстарын, бірнеше жылы жаққа ұшатын құстарды атап шығуы қажет. (каз, үйрек, тауық т.с.с.). Содан кейін психолог балаларды екі командаға бөліп, ойынға шақырады.Біреуі «ұшу» командасы бойынша–жылы жаққа ұшатын құстардың рөлін ойнайды, ал екінші топ «отырамыз» деген командамен қыстайтын құстардың рөлін ойнайды.	Шеңберге тұрып, қолдарымен ұстап, бір – бірімен күлімсіреп амандасады. Үй құстары және қыс айларында жылы жаққа қоныс аударатын құстарды атайды, ойын ойнайды.	Үй құстары және қыс айларында жылы жаққа қоныс аударатын құстар бейнеленген суреттер
III апта	1. «Кім қайда барады?» Мақсаты: назар аудару, көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: бала көзбенен (қол көмегіңсіз) жолдарды өтіп шығуы қажет. 2. Релаксация және тыныс алу үшін жаттығулар «Әуе шары» Барлық ойыншылар шеңбер бойымен отырады немесе тұрып тұрады. Психолог келесі нұсқаулар береді: «Қазір біз шарларды үрлеп көреміз деп елестетіндер. Елестетіп тұрған шарды ақырындап үрлеп, көздеріңмен шардың қалай үлкейіп бара жатқанын байқаңдар ма? Елестетіндерші? Мен де сендердің үлкен шарларыңды көз алдыма елестетіп тұрмын. Ал енді үрленген шарларыңды бір-біріне көрсетіндер!» Жаттығу 3 рет қайталануы мүмкін.	 Бала көзбенен (қолдарының көмегіңсіз) жолдарды өтіп шығады. Балалар орындықтарда отырып, айтылған шарттарды орындайды	Релаксация мәтіні

IV апта	1. «Менің көлеңкемді тап» ойыны. Нұсқаулық: суретте жануарлар мен көлеңкелері көрсетіледі, бала жануардың көлеңкесінің қайда екенін анықтауы керек. 2. «Қандай зат артық және неге?» Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту. Нұсқаулық: бала әрбір топтан «артық» заттарды тауып, оның неліктен артық екендігін түсіндіруі керек.	 	Жануарлардың көлеңкесін табады. Әрбір топтан артық заттарды тауып, оның неліктен артық екендігін түсіндіреді	Жануарлар бейнеленген суреттер Артық заттар бейнеленген сурет топтамалары
Қаңтар I апта	1.«От тұтату» - жаттығуы. Қаламды екі алақанмен қысып ұста. Бірінші ақырындап, кейін тезірек саусақ басы мен білекке дейін қозғалта қимыл жаса. Ал енді екі қаламмен осы әрекетті жасап көр. 2. «Аяз ата келеді» - жаттығуы Мақсаты: ойлау, визуалды көру қабілеттерін дамыту. Нұсқаулық: психолог балаларға суретті көрсете отырып: «Балалар қарандаршы – Аяз ата мен Ақшақар орман ішіндегі шыршаларды безендіруде. Бірақ, безендіруге арналған ойыншықтар ішінде артық заттар бар екен. Қалай ойлайсыңдар, қандай заттар артық және не себепті?»	 	Қаламмен жаттығу жасайды.	Екі қалам Бланк
II апта	1. «Қысқы табиғат» гимнастикасы Далада қар борайды, (екі қолдарын көтеріп жел соққан ағаштай тербеледі) Ақ мамыққа орайды (екі қолын алға созып, айнала қар жауғанын бейнелейді) Мұз болады, катады (екі қолын алға созып, түзу жоғары-төмен және оң-солға сермейді) Жып жылтыр боп жатады. (оң қолымен тегіс мұз жатқанын бейнелейді) 2. «Қалам - қылқалам» жаттығуы Нұсқаулық: психолог балаларға қаламды-қолын тік созған күйімен көрсетеді. Ал, қылқаламды-қолын еркін ұстап, білегін толқындай тербете көрсетеді. Содан кейін әртүрлі командалар беріледі: «Қалам!»-дегенде, балалар қолдарын тік ұстайды; «Қылқалам!» командасы бойынша-қолдарын еркін ұстап, білектерімен толқындата қозғалтады..		Такпак айта отырып, жаттығулар жасайды Қалам-қылқалам ойынын ойнайды	Қаламдар түрлі-түсті

III апта	1. «Үтік» - жаттығуы. Максаты: зейін және ұсақ моторикасын дамыту. Жуан қалам алып, үстел үстіне қой. Оң қолмен, сосын сол қолмен үйкеле. 2. «Суретті қара да, есте сақта» - ойыны. Максаты: есте сақтау қабілетін дамыту. Нұсқаулық: қағазда бейнеленген суреттерді мұқият қарап шық. Қағазды теріс аударып, сұрақтарға жауап бер.	Саусақ гимнастикасын орындайды. Суретті мұқият қарап шығып, бейнеленген кескіндерді есіне сақтап алып, айтып шығу.	Жуан қалам сурет Заттар бейнеленген суреттер
IV апта	1. «Мұқият болыңыз!» Психогимнастикасы Максаты: бала зейінін ынталандыру, тез және нақты әрекет етуге баулу. Нұсқаулық: Балалар бір-бірімен сәлемдесіп, еркін тұрады. Ойын шарты түсіндіріліп, әр түрлі командалар беріледі: «қоян» дегенде балалар секіре жөнелулері қажет; «жылқы» деген сөз айтылғанда-еденге бір аяғымен тебінгендей қимыл жасаулары керек; «шаян» командасы берілгенде-арт қарай жүрулері керек; «құстар» сөзі бойынша-қолдарын екі жаққа жайып жүгіру; «тырна» деген сөз бойынша-бір аяғымен тұрулары қажет. 2. «Суретшіге көмектес» жаттығуы Максаты: бала зейінін және көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: Суретке қарап, суретшінің аяқталмаған жұмысын бітіруге көмектесу. Бала сызбалардағы барлық кемшіліктерді өз бетімен табуы және жоюы керек	Балалар бір-бірімен сәлемдесіп, белгіленген іс-әрекеттерді жасайды. Суретшінің аяқтамаған жұмыстарын салып шығады	Арнайы бланк суреттері
Ақпан I апта	1. Саусақ жаттығуы: «Доп» Добым, добым домалақ, Қайда кеттің домалап. Үстел үстін бүлдірдің Тәрелкені сындырдың. 2. «Жасырын бейнелер» - ойыны. Балалар суретке мұқият қарап шығындар және суретші қандай бейнелерді жасырып қойғанын табындар	Өлең сөздерін қайталау Жасырын бейнелерді табады.	Арнайы бланк суреттері
II апта	1. «Менің көлеңкемді тап» ойыны. Нұсқаулық: суретте жануарлар мен көлеңкелері көрсетіледі, бала жануардың көлеңкесінің қайда екенін анықтауы керек.	Жануарлар көлеңкесін табады	Жануарлар бейнеленген суреттер


	2. «Болады - болмайды» ойыны Нұсқау: кез-келген бір іс әрекетті айтып, балаға қарай допты лақтыру қажет. Бала айтылған іс-әрекет шындыққа сай болса, допты қағып алуы керек, ал егер орындалуы мүмкін болмаса болса, онда допты кері соғып жіберуі керек. Әртүрлі жағдайларды ұсынуға болады: мен сабаққа барамын; поезд аспан арқылы жүреді; хат тасушы хат әкелді; пингвиндер ұша алады; үй серуенге кетті т.с.с.		Доппен ойын ойнайды	Доп
III апта	1.«Алғыр кірпі» жаттығуы Мақсаты: ауыз екі сөйлеу мәдениетін, танымдық орта, қиял, көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: Суретке қарап, танымдық әңгіме құрастыру. 2.«Жылқы» саусақ гимнастикасы «Ал менің көмекшілерім: қолдарымызды үстел үстіне қойып (алақан жағы төмен қараған күйде): Төртке дейін санайық: (балалар: 1,2,3,4) Санайық та, қолымызды бұрайық. (оң қол, сол қол саусақтарын кезектесе бұгу және созу) Құлдыр-құлдыр құлыншақ, (қолымызбен суреттегідей бейне жасай отырып) Құлдырайсың шабасың. (бір орында топ – топ баса) Күлдір-күлдір кісінен (жылқы бейнесін салған қолымызды көтере) Қайда кетіп барасың. (бір орында айналып тұра қаламыз).		Сурет бойынша әңгімелер құрастырады. Саусақ гимнастикасын бірге көрсетеді.	Әңгіме құрастыруға арналған сурет
IV апта	1.«Тегіс жол сал» жаттығуы Мақсаты: моториканы дамыту, зер салу, көрнекі қабылдау бейімін көтеру. Психолог: «Балалар, қазір түзу жол жасайық» Қағаз бетіндегі сызық бойына үрмебұршақ (фасоль) дәндерін есептеу таяқшаларының көмегімен қойып шығу қажет. 2.«Суретті қара да, есте сақта» ойыны. Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту. Нұсқаулық: қағазда бейнеленген суреттерді мұқият қарап шық. Қағазды теріс аударып, сұрақтарға жауап бер.		Есеп таяқшаларының көмегімен, қағаз бетіндегі сызық бойына үрмебұршақ дәндерін қойып шығады. Суретті мұқият қарап шығып, бейнеленген кескіндерді есіне сақтап	үрмебұршақ (10 тал), есептеу таяқшалары. Заттар бейнеленген суреттер

		алып, айтып шығу.	
Наурыз I апта	1. Сәлемдесу. «Сәлем» жаттығуы Сәлем, аспан! (Қолыңызды көтеріңіз) Сәлем, күн! (Қолыңызбен үлкен шеңберді суреттеңіз) Сәлем, Жер! (Қолыңызды жерге бағыттай) Сәлем, Жер шары! (басымыздың үстінен үлкен шеңбер жасай) Сәлем, біздің үлкен отбасы! (Барлық балалар бір бірінің қолын ұстап жоғарға көтереді) 2.«Жаңғақ домалату» ойыны Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту. Балаға алақанының арасына грек жаңғағын салып домалату ұсынылады. Бір алақанға екі кішкентай жаңғақ салуға болады. Айтамыз: Алақанымда дөңгелеп, Болшы, болшы дөңгелек! 3.«Бананға жету үшін маймылға көмектес» ойыны. Мақсаты: назар аудару, көріп қабылдау дағдысын дамыту. Нұсқаулық: кім қайда барады? Барлық жолдарды көзбен (қолдарсыз) жүріп шығу қажет. 	Психолог айтқан сөздерді қайталай отырып, көрсеткен қозғалыстарды жасайды Алақанға жаңғақ салып, домалатады. Қол көмегінсіз бала жолдарды табады.	Жаңғақтар. Арнайы сурет
II апта	1.«Көктемде не болады?» дидактикалық ойын. Үстел үстіне әртүрлі жыл мезгілдері және маусымдық құбылыстар бейнеленген суреттер (қысқы қар, көк шалғын, күзгі орман, қолшатыр ұстаған адамдар және т.с.с.) араластырып қойылады. Балалар кезекпен тек көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстарын таңдап алулары қажет және оларды қандай құбылыс екенін айтып беруі керек. Балалармен бірге олардың таңдауларының дұрыс-не бұрыс екенін анықтап, бірге талқылау қажет. 2.«Ақылды саусақтар» - саусақ гимнастикасы Саусақтарым ақылды, (саусақтарын көрсете жыбырлатады) Жаттығулар жасайды. (екі қол саусақтарын айқастыра тез-тез бұратамыз) Ширатамын ашып-жұмып, Жан-жағына қарайды! Жаттығуды жасаған, Саусақтарым жарайды! 	Балалар тек көктем құбылыстары бейнеленген суреттерді таңдап, олардың атауларын айтулары қажет. Такпакты айта отырып, саусақ гимнастикасын жасайды	Жыл мезгілдері мен түрлі маусымдық табиғат құбылыстары бейнеленген суреттер.

III апта	1.«Біз доп жасаймыз» техникасы. Психолог релаксацияға арналған музыканы қосады және балаларға саз балшықтан шар жасауларын ұсынады. Шарды допқа ұқсатып, тегіс жасау тапсырылады. Бұл жаттығу балаға өзінің ішкі энергиясын бағытты жұмсауға, оның өз ресурсын сезінуіне көмектеседі. 2.«Менің отбасым» -саусақ гимнастикалық жаттығуы. Бір, екі, үш, төрт, бес! (әр санақ шапалақпен) Кімдер тұрады біздің үйде? Бір, екі, үш, төрт, бес! (әр санақ сайын саусақ) Санап шығам мен лезде: Әкем, анам, ағам — әпкем және мен! Жанұямыз біз үлкен! 3. «Жұбын тап» ойыны Әр заттын жұбын табыңыз. Қандай зат жұпсыз қалды? 	Саз балшықтан шар жасайды Саусақ гимнастикасын орындайды. Заттардың жұбын табады	Саз – балшық, майлық Арнайы суреттер
IV апта	Ойын «Тәулік мезгілдерін ата» Мақсаты: көрнекі қабылдау, қоршаған ортамен танысу. Бала суреттегідей күнделікті тәулік бөліктерін ажырата және атай білуі керек, сонымен қатар сол уақыт кезеңіне байланысты тамақтану уақыттарын айтып беруі кере: таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі ас, кешкі ас. 2.«Балықты тап» әдістемесі - түйме терапиясы Психолог балаларға түйме толы сөмке ұсынады, бала қолын сөмкеге салып және психологтың нұсқауларын жасау керек: - ең үлкен балықты, - ең кішкентайын және т.с.с /түймелерді/ табу. - әр түрлі пішінді түймелерден қағаздың үстіне балықтардың пішінін, теңіз түбін, тастарды, балдырлар және т.б. салады. 	Тәулік мерзімін, сонымен қатар тамақтану уақыттарын айтып шығады. Түймелерден суреттер салады.	Тәулік мерзімдері көрсетілген сурет Түймелер, сөмке, парактар А-4.
Сәуір I апта	1.«Кім, қайда өмір сүреді» жаттығуы. Психолог балаларға: «Әрбір жануар, әрбір өсімдіктің өз үйі бар. Егер олардың үйлері болса, онда мекен-жайы болуы керек. Сендердің тұратын мекен-жайыларың қандай? (балалардың жауаптары) Ғалымдар барлық тірі ағзалардың мекен-жайы деп-олардың тіршілік ету ортасын айтады. Тіршілік ету ортасы-барлық тірі ағзалар мекендейтін құрлық немесе су бөлігі. Мысалы: аюдың мекендейтін орны-орман, дельфин-теңіз, ал түймедақ-көк шалғынды. Біз сізбен бірге құрлықта тұрамыз. Теңіз бізден қашықта. Елестетіп көргілерің келе ме? Теңіздің түбінде не болып жатыр?»	Сұрақтараға жауап беріп, жаттығулар жасайды	Теңіз түбіндегі балықтардың суреті, музыка.

	2. «Баян және барабан» - саусақ ойыны. Баянды алып қолыңа, (баянда ойнағандай түр жасау) Дүрсіл соқсын барабан. (барабан соққанын келтіру) Рояль болып сен ойна (рояльда ойнаған бейне жасау) Қызыққа толсын айналаң!	Нұсқаулықты орындайды	.
II апта	1.«Хайуанаттар бағына серуен» жаттығуы Мақсаты: бала зейінін, визуалды қабылдау, графикалық – қозғалыс қызметін дамыту. Көтеріңкі көңілмен, Бірге кәне бәріміз, Пингвиндерді жүгірген, Іздейміз де табамыз. Пингвиндерді табу және оларды бояу. 2.Динамиалық ойын «Бұршік, жапырақ және гүл» Алдымен біз бұл түсініктердің мағынасымен танысып аламыз. Содан кейін, «бұршік» сөзі айтылғанда балалар жұдырықтарын түюлері керек, «жапырақ» сөзі айтылғанда саусақтарын біріктіре алақанын көрсетулері керек, ал «гүл» деген кезде балалар саусақтарын аша алақанын көрсетулері керек. Әдетте психолог тапсырманы балалармен бірге орындайды және олардың қателерін түзейді. Бұл элемент балалардың зейінін керемет түрде дамытады.	 Суреттегі пингвиндерді тауып, бояп шығады. Ойын шарттарын сақтай отырып ойнайды	Бланк, түсті қарындаш тар
III апта	1. «Көмекшілер» жаттығуы Апам үшін күнде мен, (әндете) Отынға ағаш жарамын. (ағаш жарғандай) Су құямын гүлге де, (гүлге су құйғандай) Дүкенге де барамын. (қолдарына сөмке ұстап жүру) Сыпырамын үй үшін, (сыпырғандай) Жуам ыдыс-табақты. (ыдыс жуғандай) Жылай қалса бөпемді, (бөпені ұстағандай) Жұбатамын ойнатып. (қолдарын шапалақтайды) 2.«Гүл шоғын жинау» қимыл - қозғалыс ойын Мақсаты: баланың сөздік қорын байыту, қарым-қатынас дағдыларын, зейін салу қабілетін дамыту. Ойын ережесі: «бағбан» таңдалады, қалған балалар екі қолдарын артына ұстап, шеңбер бойын айнала тұрады. Ортаға гүл салатын ваза немесе ыдыс қойылады. Қолына гүлдер бейнеленген карточкалар ұстаған «бағбан» ортаға шығады. Бағбан: <i>«Мен гүлдерді өте жақсы көремін! Суарамын, күнде баптап күтемін!»</i> деп айта отырып, бірнеше балалардың қолына карточкалар таратады), сосын балалар хормен үшке дейін санайды. Санақ біткенде қолына карточка алған балалар, шеңберді өз орнына дейін бір айнала жүгіріп келіп, қолындағы карточканы вазаға салуы керек. Кім бірінші салса, сол «бағбан» болып сайланады. Ол вазадағы гүлдерді алып, ойынды қайта бастайды.	Өлең айта отырып, балалар қимыл қозғалыстары мен суреттейді. Ойын шарттарын сақтай отырып, ойнайды	

IV апта	1. «Орын ауыстыру» ойын-жаттығуы Психолог: Бір-бірімізге қарап отыра беруден, ішіміз пысты, жалықтық Кәне, онда жүгірумен. Бойымызды жазайық! Нұсқау берген кезеңде. Орын ауыс тез сен де! Психолог: «Қане онда, көңілді ойыншылар орндарын ауыстырсын» (кім мейірбан, кім күшті және т.с.с.) Кімнің көңілі көтеріңкі, солар орын ауытырып отырады. 2.«Заттарды атап шық» - ойыны. Мақсаты: сөйлеу мәнерін және әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлауды дамыту. Нұсқаулық: суретте бейнеленген заттарға қарап, олардың не мақсатта қолданылатынын айтып бер. Бала өз ойын толық сөйлем күйінде жеткізе білуі, ол сөйлемдер арқылы қысқаша әңгіме құрастыра алуы қажет. Заттардың тұрмыста қолдану қажеттілігін айта алуы керек.	Нұсқаулықты орындау Суреттегі заттарды атап, олардың тұрмыста қолдану мақсаттарын айтады.	Тұрмыстық заттар бейнеленген сурет.
Мамыр I апта	1.Дидактикалық ойын – «Бұл не мамандық?» Ойын шарты: балаға жұмбақ жасырылады (слайд арқылы). Слайдта көрсетілген мамандықты атап, сол мамандыққа тиесілі емес, артық затты табуын сұраңыз. Баланың берген жауабын түсіндіруін сұраңыз. Егер жауап беруге киналса, жетекші сұрақтар қою арқылы көмектесіңіз. Балаға жауабының дұрыстығын өзіне тексеруге мүмкіндік беріңіз: ол үшін бала курсорды сурет бетіне апапрып, бір шерткенде, артық зат слайдтан жоғалып кетеді. -Тәп-тәтті тамағы,астардың ол маманы (Аспаз) 2.Көзге арналған жаттығу. Көздерді оңға – солға, солдан оңға қарай қозғалту; Көз қарашығын көкке одан төменге қарату; Сағат тілі бойымен көзді айналдыру; Тез арада көзді ашып – жұму; Әрбір жаттығу бірнеше рет қайталанады	Слайдта көрсетілген мамандық атауын айтады және ол мамандыққа тиесілі емес затты табады, өз жауабын түсіндіреді. Психологтың түсіндіруімен көз жаттығуын жасап үйренеді.	Ноутбук немесе компьютер, слайд
II апта	1. «Үйшік» - ойыны. Мақсаты: үйлестіру қабілетін, визуалды қабылдау, сөйлеу мәнерін дамыту. Нұсқаулық: баалалр суреттегі жан – жануарлар адасып кеткен сияқты. Қане, біз оларға үйлерін, мекен етер орталарын табуға көмектесейік. 2.«Сиқырлы нүктелер» жаттығуы. Мақсаты: ұсақ моториканы, визуалды қабылдау, зейінді дамыту.	Суреттерді естеріне сақтап алып, олардың атауларын табады Нүктелері бойынша байланыстыра	Дидактикалық карта Дидактикалық карта

	Нұсқаулық: суретті нүктелері бойынша байланыстырып салып шығу және бояу. 	шығады, бояйды.	
III апта	1.«Сықырлы дақтар мен сия тамшылары» жаттығуы.Изо – терапия Мақсаты: ұсақ моториканы, бала қиялын, сөйлеу мәдениетін дамыту. Нұсқаулық: Қағаз парағын дәл ортасынан екі бүктеп қоямыз. Қағаздың бір бөлігіне бояулармен сурет саламыз немесе тек бояуды дақша тамшылатамыз. Содан соң қағаздың екінші бөлігімен жауып, үстінен салмақпен баасып тұрамыз. Бірнеше түстер пайдалануға болады. Ашамыз – не пайда болды: көбелек, жабайы гүл. Бала қиялын дамытуға арналған тамаша сабақ. Қандай сурет пайда болғанын, айта отырып бірге талқылаймыз. Топпен бірге гүл туралы ертегі – әңгімелер құрастыруға болады. 2.«Қалай өмір сүресіз?» саусақ гимнастикасы. Қалай өмір сүресің? Міне былай! (бас бармағын көрсете) Қалай – қалай жүресің? Міне былай! (екі саусағымен келесі қолының алақанында жүріп көрсетеді) Қалай затты аласың? Міне былай! (үш саусағымен ұстағандай) Қалай затты ұсынасың? Міне былай! (алақанын аша) Қалай қорқытасың? Міне былай! (сұқ саусағымен, осыдан көрерсің дегендей) Түнде қалай ұйықтайсың? Міне былай! (екі алақанын біріктіріп, басын қойып жастана) Қалай күтесің? Міне былай! (иек астына жұдырығын қойып) Ал қалай бұзық боласың? Міне былай! (екі бетін томпыйтып, алақандарымен басып қалады)	Қағазды ортасынан екі бүктеп, бір бөлігіне сурет салып, екінші бөлігімен үстінен басады, пайда болған суреттерін түсіндіреді. Саусақ жаттығуын жасайды	А4 қағаз, бояу және қылқалам
IV апта	1. «Арнайы көлік» ойыны. Психолог балаларға арнайы транспорт түрлеріне байланысты сұрақтар қояды: «Өрт болған жағдайда қандай машина шақырылады?, Полиция қызметкерлерінің көлігін көрсет, Жедел жәрдем машинасы» және т.с.с. Содан соң психолог  суреттегі арнайы көліктерге байланысты шұғыл байланыс телефон номерлерін табуларын тапсырады және айтып түсіндіреді. 2.«Сөйлемді аяқта» ойыны. Балалар мен сөйлемнің басын айтам, сендер аяқтайсыңдар.	Балалар сұрақтарға жауап береді және арнайы көлік түрлерін анықтайды Сөйлемдерді аяқтайды	

Өлең жазатын адам- (ақын)	Әкемнің әкесі -(ата)		
Байды алдайтын кейіпкер?	(Алдаркөсе)		
Көлік күтетін жер-(аялдама)	Бәйгеде шабады- (ат)		
Ең сұлу құс - (аққу)	Аң патшасы - (арыстан)		
Қасқыр, түлкі, қоян - (аң)	Қонжықтың анасы -(аю)		
5-тен кейінгі сан-(6)			